




**САҢЛАҚТЫҢ
СОҢҒЫ
СЕКУНДЫ**

→ 3



**ТӨРТЕУ
ТҮГЕЛ
БОЛСА...**

→ 4-5



**ӘЛЕМДЕГІ
ЕҢ ЕРЕКШЕ
СТАДИОНДАР**

→ 8

ҚАЗАҚ СПОРТЫ

Газет 1959 жылғы
1 қаңтардан шыға бастады

Республикалық
апталық

qazaqsporty.kz

№46-47 (5398)
13 желтоқсан 2022 жыл

Газет сейсенбі
күні шығады

kazakh_sporty@mail.ru

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ӨТКЕН АПТАНЫҢ СОҢҒЫ КҮНДЕРІ МЕН ОСЫ АПТАНЫҢ БАСЫНДА МАҢЫЗДЫ ДОДАЛАР ӨТТИ. СОНЫҢ БІРІ – ФУТБОЛДАН ӨТКЕН ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫНЫҢ ШИРЕК ФИНАЛДЫҢ ОЙЫНДАРЫ. СЕНБІДЕН ЖЕКЕСЕНБІГЕ ҚАРАҒАН ТҮНІ МАРОККО МЕН ПОРТУГАЛИЯ ҚҰРАМАЛАРЫ АРАСЫНДАҒЫ МАТЧ ШИРЕК ФИНАЛДЫҢ СОҢҒЫ ОЙЫНЫ ӨТКІ. СОНЫМЕН ҚАТАР БОКСТАН ПОВЛОДАРДА ӨТКЕН ҚАЗАҚСТАН ЧЕМПИОНАТЫ СПОРТСҮЙЕР ҚАУЫМДЫ БЕЙЖАЙ ҚАЛДЫРМАСЫ АНЫҚ. ОСЫ АЙТУЛЫ ЖАРЫСТАРҒА БАЙЛАНЫСТЫ 10 ЖЕЛТОҚСАНДА ЖАРЫҚ КӨРУГЕ ТИІС БОЛАТЫН ГАЗЕТТІҢ НӨМІРІ 13 ЖЕЛТОҚСАНДА КОЛДАРЫҢЫЗҒА ТИІП ОТЫР.

РЕДАКЦИЯ

ҚАЗАҚ СПОРТШЫЛАРЫНЫҢ ЖАРҚЫН ЖЕҢІСІ

НҰРҒИСА – ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫНЫҢ КҮМІС ЖҮЛДЕГЕРІ

КОЛУМБИЯ АСТАНАСЫ БОГОТАДА ӨТІП ЖАТҚАН АУЫР АТЛЕТИКАДАН ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫНДА ҚАЗАҚСТАН ҚОРЖЫНЫНА 2-МЕДАЛЬ ТҮСТІ. ЕРЛЕР АРАСЫНДА 96 КГ ДЕЙІНГІ САЛМАҚТА СЫНҒА ТҮСКЕН НҰРҒИСА ӘДІЛЕТҰЛЫ ҚОССАЙЫС НӘТИЖЕСІНДЕ 383 КГ (174+209) ЗІЛТЕМІРДІ КӨТЕРІП, КҮМІС МЕДАЛЬ ЖЕҢІП АЛДЫ.



Бұл сынға бахрейндік Лесман Паредес 397 кг (185+212) чемпион болды. Жарыс қожайыны колумбиялық Джор Морене 380 кг (171+209) қолаға қол жеткізді. Осы салмақта бақ өнер көрсеткен тағы бір қазақстандық Әлішер Сейітқазы 351 келімен (160+191) жалпы есепте 11-сатыдан көрінді.

Осыған дейін ерлер арасында Алексей Чуркин қола медаль иегері атанған. Колумбиядағы әлем чемпионаты 16 желтоқсанда мәресіне жетеді.

«Спортты дамыту дирекциясы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорның серіктестері – «Самұрық-Қазына» қоғамы мен SportQory қамқоршылық қоры.

**ГАЗЕТТІҢ КЕЛЕСІ НӨМІРІ
20 ЖЕЛТОҚСАНДА ШЫҒАДЫ**



ӨТКЕН АПТАДА ҚАЗАҚСТАНДЫҚ СПОРТШЫЛАР ТОЛАҒАЙ ТАБЫСТАРҒА ҚОЛ ЖЕТКІЗДІ.

Үстел теннисі. Тунисте үстел теннисінен жасөспірімдер арасындағы әлем чемпионаты аяқталды. Жарыс қожайыны Ноды Наман (Египет) бірге Құрманғалиев Хана чемпионы атанды, сондай-ақ жеке есепте қола медаль жеңіп алды.

Конькимен жүгіру. Надежда Морозова Канададағы әлем кубогі кезеңінде екінші келді. Ол 1500 метр қашықтықта күміс медаль

жеңіп алды. Қазақстан командасының өкілі Денис Никиша Алматыда шорт-тректер әлем кубогінің кезеңінде қола медаль иеленді.

Ауыр атлетика. Колумбияда өткен ауыр атлетикадан әлем чемпионатында Алексей Чуркин 73 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде қола медальды иеленді.

Семсерлесу. Семсерлесуден Қазақстан

командасы (Богдан Лукин, Георгий Тинников, Александр Федотов, Габыдин Мұстафин) Оңтүстік Африкадағы әлем кубогінің жасөспірімдер кезеңінде қола медаль жеңіп алды.

Киберспорт. PUBG Mobile бойынша ПУНЧИЕР AXZCER бет, Данияр ТЕАҚ Қонақбай және Арман PSIX Чамани бастаған Қазақстан құрамасы халықаралық киберспорт федерациясының шешімімен (IESF) киберспорттан әлем чемпионы атанды. Турнир Бали аралында (Индонезия) өтті.

БАСПАСӨЗ-2023



Мырзағали АЙТЖАНОВ,
бокстан әлемнің екі дүркін «Ең үздік бапкері»

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Қадірлі спорт жанкүйерлері, спорт мамандары, жаттықтырушылар мен спортшылар, «Қазақ спорты» газетіне 2023 жылға жазылу науқаны жалғасып жатыр.

Сүйікті газеттеріңіздің жыл бойы үйге келіп тұрғанын қаласаңыз, бір жылға толық жазылыңыздар!

«Қазақ спорты» газетінің индексі жеке жазушылар үшін – 64190, кәсіпорындар мен ұйымдар үшін – 14190.

ГАЗЕТТІҢ БАҒАСЫ ЖӘНЕ ҚАЙДА ЖАЗЫЛУҒА БОЛАДЫ?

«Қазпошта»		1 ай (2 ай)	3 ай (4 ай)	6 ай	12 ай	
Индексі	Жазылымды қабылдау шарттары: - жеке жазылушылар үшін - кәсіпорындар мен ұйымдар үшін - жеңілдікпен жазылу					
64190	Жеке жазылушылар үшін	446,25 464,87	1338,75 1394,61	2677,50 2789,22	5355,00 5578,44	Қала Аудан/ауыл
14190	Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	686,25 704,87	2058,75 2114,61	4117,50 4229,22	8235,00 8458,44	Қала Аудан/ауыл
«Эврика пресс»						
64190	Жеке жазылушылар үшін	487,00	1461,00	2922,00	5844,00	
14190	Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	756,00	2268,00	4536,00	9072,00	
«Еуразия пресс»						
64190	Жеке жазылушылар үшін	492,00	1476,00	2952,00	5904,00	
14190	Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	761,00	2283,00	4566,00	9132,00	
«Бектұрғанов»						
64190	Жеке жазылушылар үшін	507,00	1521,00	3042,00	6084,00	

ЖІГЕРЛІ ЖАСТАР ЧЕМПИОНАТЫ

ОСЫДАН БІР АЙ БҰРЫН ҒАНА ИОРДАНИЯНЫҢ АСТАНАСЫ – АММАНДА БОКСТАН АЗИА ЧЕМПИОНАТЫНЫҢ ӨТКЕНІ БЕЛГІЛІ. АТАЛҒАН ЖАРЫСТА ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕРЛЕР ҚҰРАМАСЫ САПЫНДА ӨНЕР КӨРСЕТКЕН 13 БЫЛҒАРЫ ҚОЛҒАП ШЕБЕРІНІҢ 12-СІ ЖЕҢІС ТҰҒЫРЫНА КӨТЕРІЛДІ. ТАРҚАТЫП АЙТСАҚ, 3 АЛТЫН, 6 КҮМІС ЖӘНЕ 3 ҚОЛА МЕДАЛЬДЫ ИЕЛЕНІП, ЖАЛПЫ ЕСЕПТЕ ЕКІНШІ ОРЫНДЫ ИЕЛЕНДІК. ЖЕРЛЕСТЕРІМІЗ ТАЯУ ШЫҒЫСТАН ОРАЛҒАН БЕТТЕ БАҚ ӨКІЛДЕРІНЕ СҰХБАТ БЕРГЕН ҰЛТТЫҚ КОМАНДАНЫҢ БАС БАПКЕРІ ҚАЙРАТ СӘТЖАНОВ САРЫ ҚҰРЛЫҚТЫҢ БАСТЫ ДОДАСЫНДА ЖҮЛДЕ АЛҒАН ЖІГІТТЕРДІҢ ЕШҚАЙСЫСЫ ПАВЛОДАРДА ЖАЛАУЫ ЖЕЛБРЕЙТІН ҚАЗАҚСТАН ЧЕМПИОНАТЫНА ҚАТЫСПАЙТЫНЫН КЕСІП АЙТҚАН ЕДІ.

Жоғарыдағы жағдай жалындап өсіп келе жатқан жастармен қатар, бұған дейін көбіне-көп көлеңкеде қалып қойып жүрген сақа спортшыларға да осы жолы өздерін түбегейлі мойындатуға жақсы мүмкіндік тудырды.

48 келі салмақ дәрежесінде Теміртас Жүсіповтің финалға шығуы ешкімді таңдандыра қоймағаны анық. Келесі айдың бел ортасында 35 жасқа толғалы отырған Жүсіпов бұған дейін тек құрлықтық деңгейдегі додаларда дараланса, былтыр Белградта әлем чемпионы атанды. Осы орайда, 33 жастан асқан шағында осындай биік белесті бағындырған боксшылар тек біздің елде ғана емес, күллі әлемде кемде-кем екенін де айта кеткен абзал. Өзінің мол тәжірибесі мен жеңіске деген ерекше жігерінің арқасында Жүсіпов Павлодарда бұл белесті алтыншы мәрте бағындырды. Финалда ол өзінен 14 жас кіші алматылық Ернұр Қайратты қапы қалдырды.


51 келі салмақтың фавориті оралдық Даниял Сәбит екені сөзсіз. 2020 жылы небәрі 18 жасында ересектер арасында ел чемпионы атанып, былтыр Азия біріншілігінде күміс медальды иеленген дарынды жас ақтық сайыста Дамир Әбдіқадырмен қолғап түйістірді. Алматы облысының өкілі де осал емес-ті. Бұрындары ауыз толтырып айтарлықтай табыстарға қол жеткізе алмаса да, дәл осы жарыстың жартылай финалында ол әлем чемпионаты мен Дүниежүзілік Универсиаданың қола жүлдегері Жомарт Ержанды жолынан ығыстырып, жанкүйерлер назарын бірден

өзіне аударды. Бойы мен қолының ұзындығын ұтымды пайдаланып, өте сауатты тактика ұстанған Дамир Даниялдан айласын асырып, бас жүлдені қанжығасына байлады.

54 келі салмақтың шешуші тұсында Нұрсұлтан Алтынбек (Қызылорда) пен Бекзат Алдамжаров (Ақтөбе) қолғап түйістірді. 19 жастағы жас өрендердің өнері «Баянтау» спорт кешеніне жиналған жанкүйерлердің көңілінен шықты. Өте тартысты өткен бәсеке Сыр бойы сайыпқыранының пайдасына шешілді.

Ерболат Сабыр (Павлодар) мен Оразбек Асылқұлов (Ақмола) арасындағы жекпе-жекте **57 келінің** үздігі анықталды. Былтыр Сабыр жастар арасындағы әлем біріншілігінің күміс жүлдегері атанса, Оразбек ел чемпионатында топ жарды. Басынан аяғына дейін дамылсыз шабуылмен өткен бәсекеде рингтегі төреші жергілікті былғары қолғап шеберінің қолын көтерді. **60 келі** салмақта қарағандылық Талғат Сырымбетов Алматы облысының спортшысы Ерасыл Таңқайды тізе бүктірді.

63,5 келі салмақ дәрежесіндегі маңғыстаулық Санатәлі Төлтаев пен түркістандық Мұхамедсабыр Базарбайұлы арасындағы айқасты көруге ынталы көрермендердің қатары көп болды. Оның өзіндік себебі де бар. Осыдан бір ай бұрын ғана Азия чемпионатында күш сынасқан 13 жерлесіміздің тек біреуі ғана жеңіс тұғырына көтеріле алмағанын жоғарыда айттық. Ол дәл осы Санатәлі еді және де осыдан бірер ай бұрын Астанада



өткен Елорда кубогінде Базарбайұлы Төлтаевты ұтқан. Рингте Базарбайұлы қанша жанталасқанымен, тәжірибелі Төлтаевтың осал тұсын таба алмады. Бұл тартыста Каспий жалғалауынан келген жігіттің басымдығы байқалды. Көршілес өңірдің өкілдері – шымкенттік Абзал Серік пен түркістандық Темірхан Тезек **67 келі** салмақтың бас жүлдесін сарапқа салды. Бұл айқаста Абзалдың асығы алшысынан түсті.

Көпшілік тағатсыздана күткен тағы бір қызықты жекпе-жек **71 келі** салмақ дәрежесінде өтті. Финалда Сабыржан Ақхалықов (Батыс Қазақстан) пен Ермахан Жақпеков (Абай) күш сынасты. Екеуінің де есімі жанкүйерлерге жақсы таныс. Кезінде олар жастар рингінде жасындай жарқылдаған. Жайық жағалауынан келген жігіт былтыр Польшаның Кельц қаласында әлем чемпионы атанса, Семей өңірінің өрені осыдан төрт жыл бұрын Мажарстанның бас шаһары – Будапештте өткен дүниежүзілік доданың күміс медалін иеленді. Айтқандай-ақ, бәсеке өте шиеленісті өтті. Десек те Сабыржанға ересектер рингінде әлі де біраз бейімделу керектігі байқалды. Бұл бәсекеде басымдық Ермахан жағында болды.

75 келіде Диас Молжігітовтің (Жамбыл) мерейі үстем болды. Финалда ол Аятолла Тәкежановты (Павлодар) ұтты. **80 келі** Ерасыл Жақпеков (Абай) пен Жәнібек Қартбаев (Ақтөбе) күш сынасты.

Функционалдық жағынан жақсы даярлықпен келіп, тактикалық тұрғыдан сауатты қимылдаған Ерасыл жеңіске жетті. Осылайша, Жақпековтер отбасынан екі чемпион шықты. Осыған дейін бас жүлдені олжалаған Ермаханның жеңісті жолын арада тура жарты сағат өткеннен соң оның туған інісі Ерасыл қайталады.

86 келі салмақтағы Шаймұрат Құсайынов ел чемпионы атанып, жергілікті жанкүйерлерді бір желпіндіріп тастады. Шешуші сайыста ол түркістандық Сағындық Тоғамбаевты сан соқтырды. **92 келідегі** Абзал Құтыбеков (Түркістан) осыған дейінгі екі жекпе-жегіңі нокаутпен аяқтап, өзін өте жақсы қырынан көрсеткен еді. Алайда көптеген халықаралық жарыста жүлде алып жүрген Абзал «спорт шеберлігінен үміткер» деген ғана атағы бар Данил Рақымбердиновті (Алматы облысы) әулірімдеп жүріп, әзер ұтты. **+92 келі** салмақтағы шешуші кездесу Дамир Тойбай (Алматы) мен Аманат Сабырғали (Атырау) арасында өтті. Бұл жекпе-жекте Дамир жеңіс тойын тойлады.

Ал осы жарыстың қола жүлделері мына былғары қолғап шеберлеріне бұйырды: **49 келі** – Рысхат Тәліп (Шымкент) пен Ернар Қарап (Абай), **51 келі** – Жомарт Ержан (Түркістан) мен Кенже Мұратұлы (Алматы облысы), **54 келі** – Кәрім Серкебаев (Қарағанды) пен Дәулет

Молдашев (Шығыс Қазақстан), **57 келі** – Бибарыс Жексен (Жамбыл) мен Асылжан Серікбай (Шымкент), **60 келі** – Бекнұр Ожанов (Абай) мен Дулат Тұрлыбекұлы (Алматы), **63,5 келі** – Василий Самчук (Қарағанды) пен Ертуған Зейнулинов (Алматы облысы), **67 келі** – Әлішер Әбдуәлім (Жамбыл) мен Нұрқадам Абдреш (Астана), **71 келі** – Фарух Тохтасунов (Алматы) пен Нұржан Аманкелді (Жетісу), **75 келі** – Арман Арманұлы (Алматы) мен Илияр Әшіров (Алматы), **80 келі** – Бекболат Әбдікерім (Түркістан) мен Михаил Коханчик (Қостанай), **86 келі** – Бауыржан Байгоншеков (Павлодар) пен Бекзат Таңатар (Шымкент), **92 келі** – Мейрамбек Берганаев (Алматы облысы) пен Мұхамеджан Тайбағар (Жамбыл) және **+92 келі** – Данила Семенов (Қостанай) пен Олжас Бұқаев (Павлодар).

Жалпыкомандалық есепте Павлодар облысы озды. Ринг қожайындары 4 (2 алтын+1 күміс+1 қола) жүлде жеңіп алды. Ағайынды Жақпековтердің жарқын жеңістерінің арқасында Абай облысы (2+0+2) екінші орынды олжалады. Үздік үштікті Түркістан облысы (1+3+2) түйіндеді. Сондай-ақ Алматы облысы (1+2+3), Алматы қаласы (1+1+4), Ақмола (1+1+0), Шымкент (1+0+3), Жамбыл (1+0+3), Қарағанды (1+0+2), Қызылорда (1+0+0) және Маңғыстау (1+0+0) құрамаларына бас жүлде бұйырды.

UFC-ДІҢ РЕЙТИНГІ ЖАҢАРТЫЛДЫ



АРАЛАС ЖЕКПЕ-ЖЕК ӘЛЕМІНДЕГІ ЕҢ БЕЛДІ ҰЙЫМ – UFC-ДІҢ ЖАҢАРТЫЛҒАН РЕЙТИНГІ ЖАРИЯЛАНДЫ. БІРДЕН АЙТА КЕТЕЙІК, ROUND-FOR-ROUND ТІЗІМІНДЕ АЙТАРЛЫҚТАЙ ӨЗГЕРІС ЖОҚ.

Көш басында – жартылай жеңіл салмақта күш сынасып жүрген Аустралияның апайтөсі Александр Волкановски. Сондай-ақ ТОП-10 файтердің қатарында Ислам Махачев (Ресей), Леон Эдвардс (Ұлыбритания), Камару Усман (АҚШ), Фрэнсис Нганну (Франция), Исраэль Адесанья (Жаңа Зеландия), Чарльз Оливейра (Бразилия), Алекс Перейра (Бразилия), Алджамейн Стерлинг (АҚШ) және Иржи Прохазка (Чехия) сынды саңлақтар бар. Ал өз салмақ дәрежелері бойынша мына спортшылар чемпиондық атақты иеленуде: Фрэнсис Нганну (120, 2 келі), Иржи Прохазка (93 келі), Алекс

Перейра (83,9 келі), Леон Эдвардс (77,1 келі), Ислам Махачев (70,3 келі), Александр Волкановски (65,8 келі), Алджамейн Стерлинг (61,2 келі) және Дейвесон Фигеро (56,7 келі).

Қандастарымыздың арасынан ең үздік көрсеткіш Шавкат Рахмоновқа тиесілі. 77,1 келі салмақта күш сынасып жүрген ол 10-орынды иеленуде. Ресейдің Орынбор облысында туып-өскен Дамир Исмағұлов 12-орынға тұрақтаса, Жамбыл облысының Қордай ауданында дүниеге келген эзербайжандық Рафаэль Физиев 6-сағыға жайғасты. Олардың екеуі де 70,3 келі салмақ дәрежесінде өнер көрсетеді.

ЧИЛИМЕН ШЕБЕРЛІК БАЙҚАСАДЫ

ТЕННИСТЕН ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕРЛЕР ҚҰРАМАСЫ 2023 ЖЫЛҒЫ ДЭВИС КУБОГІНІҢ ІРІКТЕУ КЕЗЕҢІНДЕ ЧИЛИ ТЕННИСШІЛЕРІМЕН ОЙНАЙДЫ.



12 команда турнирдің финалдық кезеңіне жолдама алады. Оларға 2022 жылғы Дэвис кубогінің финалистері, сондай-ақ арнайы шақырту (wild card) алған Италия мен Испания қосылады. Биылғы Дэвис кубогінде Канада құрамасы жеңімпаз атанды. «Үйеңкі жапырақтар елінің» өкілдері финалда Аустралиядан басым түсті.

Сондай-ақ Италиядағы челленджер турнирінің финалында өнер көрсеткен қазақстандық Михаил Кукушкин бас жүлдені иелене алмады. Жерлесіміз финалда әлемнің 197-ракеткасы швейцариялық Леандро Рейдльмен кортка шығып, екі сетте – 7:6, 6:3 есебімен жеңіліп қалды. Тартысты өрбіген бірінші партияда 20 жастағы швейцариялық спортшы тай-брейкте әбжілдік танытты – 7:6 (7:4). Ол екінші сетте де 2:0 есебімен алға кетіп, сол басымдығын сақтап қалды – 6:3.

ҚОЛА МЕДАЛЬ ЖЕҢІП АЛДЫ

ВИТАЛИЙ ЩИГОЛЕВ КАЛГАРИДЕГІ ӘЛЕМ КУБОГІНІҢ 3-КЕЗЕҢІНДЕ ҚОЛА МЕДАЛЬ ЖЕҢІП АЛДЫ.

Канаданың Калгари қаласында конькимен жүгіруден әлем кубогінің 3-кезеңі аяқталды. Соңғы жарыс күні Қазақстан құрамасы осы кезеңдегі 2-жүлдесіне ие болды. Ерлер арасындағы масс-старта Виталий ЩигOLEB мөре сызығын 3-болып қиды. Қазақстандық спортшының

нәтижесі: 7:55.850 секунд.

Бұл жарыста италиян Андреа Джованнини жеңіске жетті. Бұл оның 2019 жылдан бергі әлем кубогі кезеңіндегі жеңісі. Жаңа зеландиялық Питер Майкл күміс жүлдегер атанды. Айта кетейік, 2-жарыс күні Надежда Морозова 1500 метрде күміс жүлде алған.



АЛҒАШҚЫ ЖЕҢІСІНЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗДІ

НОРВЕГИЯНЫҢ АСКЕР ҚАЛАСЫНДА ЖАСТАР АРАСЫНДА (ЕРЛЕР, U-20) ШАЙБАЛЫ ХОККЕЙДЕН ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫНЫҢ I ДИВИЗИОНДАҒЫ ОЙЫНДАРЫ ӨТПІ ЖАТЫР. ҚАЗАҚСТАН ЕРЛЕР ҚҰРАМАСЫ ЖАРЫС ҚОЖАЙЫНЫ НОРВЕГИЯ ЖӘНЕ ДАНИЯ, СЛОВЕНИЯ, ФРАНЦИЯ, МАЖАРСТАНМЕН А ТОБЫНА ТҮСТІ.



Еліміздің жастары Мажарстан хоккейшілерінен басым түсті. Есеп: 3-2. Дінмұхамед Қайыржан осы матчтағы Ұлттық құраманың үздік ойыншысы атанды. Осы жеңістің арқасында Қазақстан топта 4-орынға көтерілді.

Алғашқы ойында Қазақстан былтыр В дивизионында топ жарған Франция құрамасына 2-0 есебімен есе жіберген. Енді қазақстандық жастар 14 желтоқсан, түнде Даниямен, сосын Словения (15 желтоқсан, түнде) және Норвегиядан келген құрдастарымен (18 желтоқсан) ойнайды.

Ұлттық құрама ойыншылары: Қақпашылар: Антон Осокин («Торпедо»), Артем Шестаков, Роман Шефер (екеуі де - «Снежные барсы»).

Қорғаушылар: Артем Авдеев, Данил Базько, Семен Роев, Климентий Царев (барлығы – «Снежные барсы») Дмитрий Бреус («Чайка»), ЖХЛ), Иван Гавриленко («Сарыарқа»), Аслан Жүсіпбеков («Барыс», ЖЛК), Кирилл Никитин («Номад»).

Шабуылшылар: Роман Ермак, Кирилл Ляпунов, Дінмұхамед Сапарбек, Данил Цыбин, Илья Шапоров, Алмаз Муканов (барлығы – «Снежные барсы»), Дінмұхамед Қайыржан («Барыс», ҚХЛ), Всеволод Логвин, Алдияр Нұрлан, Константин Морозников (барлығы – «Номад»), Руслан Оспанов («Анкоридж Волверинс», АҚШ), Валентин Попов («Торпедо»):

Барлық құрама бір-бірімен ойнап болған соң, 1-орын алған ел жоғарғы дивизионға жолдама алады.

Бетті дайындаған – Зағфар КЕРІМ

САҢЛАҚТЫҢ СОҢҒЫ СЕКУНДЫ

ҚАЗАҚТЫҢ ТҰҒЫША ОЛИМПИАДА ЧЕМПИОНЫ, БАСКЕТБОЛШЫ ӘЛЖАН ЖАРМҰХАМЕДОВ 79 ЖАСЫНА ҚАРАҒАН ШАҒЫНДА ДҮНИЕДЕН ӨТТІ. ҚАРАЛЫ ХАБАРДЫ РЕСЕЙДІҢ ЦСКА БАСКЕТБОЛ КЛУБЫ ЖЕТКІЗДІ. ӘЛЖАН ЖАРМҰХАМЕДОВ ҰЗАҚ ЖЫЛ ОСЫ КЛУБТА ТАБЫСТЫ ӨНЕР КӨРСЕТКЕН.

Әлжан Жармұхамедов 1944 жылы Оңтүстік Қазақстан облысының Бостандық ауданына қарасты Табақсай ауылында дүниеге келген. Бұл аудан сол кездегі саясаттың кесірінен Өзбекстанға берілген. Сондықтан алғашқыда Әлжанның қазақ екеніне көбісі сене қоймады. Тағат Батырхан, Қыдырбек Рысбек, Нұрғазы Сасаев, т.б. журналист ағаларымыз баскетболшыны арнайы іздеп барып, руын да анықтаған еді. Әкесі Мүсірбек – қазақ, шешесі Жеронкина Прасковьяның ұлты орыс. Кіші жүздің жаппас руынан шыққан. Мұның бәрін жазуымызға бір кездері спортшының өзбек, татар деп шатастырғандардың көп болғанынан. Тіпті КСРО кезінде төлқұжатында ұлты қазақ деп жазылған екен.

Жармұхамедов баскетболға кездейсоқ келген. Мектеп бітіргеннен кейін екі жыл шлифовальщик болып Шыршық қаласында жұмыс істеген. Зауытта оң қолының екі сауағынан айырылады. Бойы 2 метрден аса жігітті жаттықтырушылар байқап, баскетбол секциясына шақырады. 1963 жылы Ташкент мемлекеттік денешынықтыру институтына оқуға түседі. Сол тұста СКА (Ташкент) командасында ойнаған, сол жерден КСРО құрамасына келген. 1969 жылы КСРО қорғаныс министрі маршал Соколовскийдің қолы қойылған хат келіп, еріксіз Мәскеудің ЦСКА клубына алып кетеді. ЦСКА сапында бірнеше маусым ойнап, толағай табыстарға жетті. КСРО құрамасы сапында 1972 жылғы Олимпиададан бөлек 1976 жылғы Олимпиаданың қола жүлдесін, әлем біріншілігінің күмісін жеңіп алды. Еуропа чемпионы атанды.

Мәскеуге келгенде ЦСКА-да команда лидері Сергей Белов сырттан келген ойыншыға «дедовщина» жасай бастады. Бұған шыдай алмаған Әлжан аға екінші жаттығуда-ақ Беловтың бетіне доппен ұрған екен. Осыдан кейін Сергей үндемейтін болған. Екеуі кейіннен жақсы араласып, тіпті бірге жаттықтырушы болып қызмет атқарды.

Жас кезінде қазақ тілін жақсы сөйлепті. Әкесімен тек қазақ тілінде сөйлейтін болған.

«Көршім үнемі «Әлжан қазақшаға судай» деп айтатын. Содан бері біраз жыл өтті. Күнде сөйлеспеген соң қиын екен. Бәрін түсінемін, ал айтуға келгенде қиналып қаламын», – дейді баскетболшы.


Әлжан Жармұхамедов Ларисамен отбасын құрып, екі баланың әкесі атанған. Ұлдарының есімі – Владислав және Сергей. Мәскеу қаласында тұрады. Екі ұлы да спорт институтын тәмамдаған. Осы уақытқа дейін үлкен ұлы олимпиада резервінің балалар спорт мектебінде қызмет еткен. Қазіргі кезде ол

толықтай кәсіпкерлікке бет бұрған. Ал екінші ұлы «Химки» баскетбол клубында жастар командасын жаттықтырып жүр.

2017 жылы экранға «Движение вверх» деген фильм шықты. Туынды баскетболдан 1972 жылғы Мюнхен Олимпиадасының финалына арналған. Оны Ресейдің кинокомпанияларының бірі түсірген.

Бұл шығармашылық топ бұған дейін атақты хоккейші Валерий Харламов жайлы «Легенда №17» деген кино түсірген еді. Одан кейін осы Кеңес Одағының тарихындағы ең ірі табысқа жеткен баскетбол құрамасының бірін экрандаған болатын. Бұл финалда өнер көрсеткен ойыншылардың арасында қазақ жігіті бар еді. Ол – соңғы кездері бәріміз мойындай бастаған, қазақтан шыққан тұңғыш Олимпиада чемпионы Әлжан Жармұхамедов.

Енді осы фильмді түсіруге себеп болған ойын туралы айтып өтсек. Баскетбол жазғы Олимпиада ойындарының бағдарламасына 1936 жылы енгізілді. Содан 1972 жылғы Мюнхен Олимпиадасының финалына дейін АҚШ құрамасы бірде-бір кездесуде жеңілмеген. Қатарынан 63 ойынды ұтып, жеті мәрте Олимпиада чемпионы атанған. КСРО құрамасын төрт жылдық басты додасының төрт финалында жеңген. Ал 1972 жылы 9 қыркүйек күні Германияда өткен финалда Владимир Кондрашин шәкірттері «Dream Team» команданы тоқтатты.




Ол жылдары баскетбол қазіргідей төрт емес, екі кезеңнен тұратын. Ойынның алғашқы бөлігінде КСРО құрамасы 26:21 есебімен алға шығады. Финалдың аяқталуына жақындаған тұста АҚШ құрамасы есеп айырмасын қысқарта бастайды. Матчтың бітуіне 8 секунд қалғанда есеп 49:48 болатын. Бірақ дәл сол кезде допты ұстап, уақыт созудың орнына Александр Белов қателесіп пас береді. Оны АҚШ ойыншысы тиімді пайдаланып кетеді. Енді АҚШ 50:49 есебімен алға шығады. Осы тұста КСРО құрамасының бапкері тайм-аут сұрайды. Бірақ төреші оны ескермейді. АҚШ баскетболшылары жеңісті тойлай бастайды.

Кеңес Одағынан барған делегация мүшесі Юрий Озеров Халықаралық баскетбол федерациясының бас хатшысы Уильям Джонсқа шағым айтып, тайм-аут сұрайды. Бас хатшының арқасында төреші КСРО

құрамасының өтінішін қанағаттандырады. Кондрашин бапкер Жармұхамедовтің орнына Иван Едешконы алаңға шығарады. Айналдырған 3 секундтың ішінде Едешконың тіліп өткен пасын Александр Белов себетке түсіріп, КСРО құрамасына жеңіс сыйлады.

Әлжан аға Олимпиада ойындарында ерекше ойынымен көзге түсті. Ширек финалда сол кездегі мықты құрамалардың бірі Югославиямен кездесуде командасына 8 ұпай әперді. Жартылай финалда КСРО Кубаны 67:61 есебімен жеңді. Бұл матчта Жармұхамедов команда қорына 15 ұпай қосты. Ал финалда 4 ұпай жинады.

Кино осы ойынға негізделіп түсірілген. Астанадағы тұсауке-серінен кейін Жармұхамедов тілшілермен аз-кем сұхбаттасып, жаңа туынды жайлы өз пікірін білдірген болатын.



ҚАТЫСҚАНДАРДЫҢ БАРЛЫҒЫНА – ЖҮЛДЕ

АСТАНАДА ЗЕЙНОЛЛА СӘНИК АТЫНДАҒЫ МӘДЕНИЕТ ҚОРИНЫҢ ЖҮЛДЕСІ ЖӘНЕ «ХАБАР 24» ТЕЛЕАРНАСЫНЫҢ 10 ЖЫЛДЫҚ МЕРЕЙТОЙЫНА АРНАЛҒАН БАҚ ӨКІЛДЕРІ АРАСЫНДА ВОЛЕЙБОЛДАН ТУРНИР ӨТТІ. СЕГІЗ КОМАНДА ҚАТЫСҚАН ДОДАДА «ҚАЗМЕДИА» КОМАНДАСЫ ТОП ЖАРДЫ.

Әу баста командалар жеребеге сай екі топқа бөлінді. «А» тобында «7 арна», «Айқын» газеті, «Qazcontent» агенттігі мен «Комментатор» командалары ойнады. Ал «В» тобында «Egemen Qazaqstan» командасынан бөлек, әр маусымда БАҚ лиганың чемпионы атанып жүрген «Atameken business» теларнасы, «Хабар» агенттігі мен «Қазмедиа» орталығы өнер көрсетті. Жеребеден кейін «Ажал тобы» атанған топтағы мықты ұжымдарға егемендіктер айтарлықтай қарсылық көрсетті. Өкінішке қарай, БАҚ лигада әр жыл сайын нәтижесін жақсартып келе жатқан Әскер Пириев бастаған егемендіктер өз мүмкіндіктерін тиімді пайдалана алмай, қарсыластарының есепте алға шығуына жол берді. Мысалы, «Atameken business»



ұжымына қарсы шыққан Әскер Пириев, Оралхан Ахмадия, Бану Әділжан, Риза Абай сынды әріптестеріміз өте күрделі партияларда асқан шеберлікпен ойнады. Ал «Хабарға» қарсы ойында Амангелді Қияс, Алмас Манап, Фархат Қайратұлы, Сәуле Мендікүлова, Жұпар Дәрменбекова бастаған екінші құрамамыздың алғашқы ұпай еншілеуіне мүмкіндігі болып еді. Өткен, бұл жолы егемендіктерге жеребе жолдас болмады.

Осылайша, қос топтан жартылай

финалға «Қазмедиа», «7 арна», «Qazcontent» және «Atameken business» командалары суырылып шықты. Ал бас жүлдеге «Қазмедиа» мен «Qazcontent» таласты. Өте тартысты өткен ойын екі сәтпен аяқталса да, командалар аянып қалған жоқ. Соңына дейін қай-қайсысының жеңімпаз болары белгісіз болды. Дегенмен бас кубок «Қазмедиа» ұжымына бұйырды. Екінші орынды «Qazcontent» ойыншылары еншілессе, үшінші орынды «Atameken business»



командасы иеленді. Ал жұбаныш жүлдесін «7 арна» місе тұтты.

БАҚ өкілдерінің басын қосқан турнирде ешбір команда құралақан қалған жоқ. Чемпиондар – 300 мың теңгеге, 2-орын иегері – 200 мың теңгеге, ал үздік үштікті түйіндеген ұжым 100 мың теңгеге ие болды. Тіпті 4-орын алған командаға да жұбаныш ретінде 70 мың теңгенің сертификаты берілді. Сондай-ақ алты аталым бойынша ерлер арасындағы үздік ойыншы – Есенбол Иманғазы

– Фильмде менің рөлімді Александр Ряполов деген актер сомдады. Актер шамасы келгенше мінез-құлқымды дұрыс көрсетуге тырысқан. Мен өте сабырлы адаммын, ешқашан кеудемді керіп «мен мықтымын» деп өктем сөйлеген емеспін. Ряполов осы мінезімді жақсы жеткізе білген. Алғаш фильм жұмысымен танысып, менің рөлімді ойнайтын актерді көргенде танданысымды жасыра алмағанмын. Өйткені ол кезде оның сыртқы пішіні маған мүлде ұқсамады. Өзі ірі жігіт, шашы ұзын, көзі көк. «Бұл қалай қазақ жігітінің рөлін сомдайды?» деп сұрадым. Алайда режиссер актердің образын өзгертетінін айтып, мені көндірді. Кейіннен актер арықтау үшін 12 келі тастаған екен. Бір қызығы, екеуміз де Өзбекстанда дүниеге келгенбіз. Мен қалай баскетболға кездейсоқ тап болсам, оның киноға келуі де солай екен, – дейді Әлжан аға.

Кино көркем фильм болғандықтан, қоспалар да жетерлік. Олимпиада чемпионы кино сонысымен де әсерлі шыққанын айтып еді.

– Мені Олимпиада ойындарының финалында линзамен ойнаған деп көрсеткен. Алайда сол кезде көз жанарым -2,5 болғанына қарамастан, Олимпиадада линзасыз ойнағанмын. Содан кейін ғана құрама дәрігері әрі қарай баскетболда қаламын десең, арнайы клиникаға көрінуімді өтінді. Алғашында 1 айдай линзаға бой ұйрете алмай жүрдім. Фильмде мені қатты ұрғанда линзам ұшып кетеді. Мұндай оқиға өмірде ешқашан болмаған. Тек бір рет линзамды ойын кезінде команда болып залдан іздегені бар. Сондай-ақ Америкаға барғанда, матч алдында қыдыруға шыққанымыз да ойдан құрастырылған. Біз ешқашан да ойынның алдында дәл олай қыдырып, босаңсыған емеспіз. Ондайға мүлде жол бермейтінбіз. Содан соң кинодағыдай сыйақыны ешкім де бізге киім ауыстыратын бөлмеге әкеліп қолға ұстатпаған, – дейді ол.

Дегенмен жеңістен кейін ақшалай сыйақы болыпты. Бірақ қазіргі Олимпиада чемпиондарындай бума-бума ақша алмаған.

– Германияда 1000 батыс-германия маркасын ұстатты. Ол қазіргі күрспен салыстырғанда 300 доллар көлемінде. Ал Мәскеуде 2,5 мың рубль сыйақы төледі, – дейді.

КСРО-ның сол «Алтын құрамасының» қазіргі кезде көбісі өмірде жоқ. Олардың қатарына енді Әлжан Жармұхамедов те қосылды. Тірі қалғандардан Мәскеуде Иван Едешко бар. Модестас Паулаускас – Литвада, Анатолий Поливода Украинада тұрады екен. Қалғандары өмірден өтіп кеткен.

Қош бол, аңыз!

Бек ТӨЛЕУ

ТӨРТЕУ ТҮГЕЛ БОЛСА...

ҚАТАРДАҒЫ ДОП ДОДАСЫНЫҢ ТОПТЫҚ КЕЗЕҢІ, ТУРНИРДІҢ ПЛЕЙ-ОФФ БӘСЕКЕСІНДЕГІ МАТЧТАР АЯҚТАЛЫП, ЖАРТЫЛАЙ ФИНАЛҒА ШЫҚҚАН ҚҰРАМАЛАР БЕЛГІЛІ БОЛДЫ. АЛДЫМЕН, ТОПТЫҚ КЕЗЕҢНІҢ СОҒҒЫ ТУРЫ ПЛЕЙ-ОФФ ОЙЫНДАРЫНА ТОҚТАЛЫП ӨТСЕК. ТОПТЫҚ КЕЗЕҢНІҢ СОҒҒЫ ТУРЫНДА ГЕРМАНИЯ КОСТАРИКАНЫ (4:2), УРУГВАЙ ГАНАНЫ (2:0), КАМЕРУН БРАЗИЛИЯНЫ (1:0) ЖЕҢГЕНІМЕН, ЖАҢАНДЫҚ ДОДАНЫҢ ПЛЕЙ-ОФФ КЕЗЕҢІНЕ ШЫҒА АЛМАДЫ. АЛ ЖАПОНИЯДАН ЖЕҢІЛГЕН ИСПАНИЯ (2:1), ОҢТҮСТІК КОРЕЯДАН ҰТЫЛҒАН ПОРТУГАЛИЯ (2:1) ЖЕҢГЕН ҚҰРАМАЛАРМЕН БІРГЕ ЕШ КЕДЕРГІСІЗ 1/8 ФИНАЛ САТЫСЫНА ЖОЛДАМА АЛДЫ. ПЛЕЙ-ОФФТА НИДЕРЛАНД АҚШ ҚҰРАМАСЫН, АРГЕНТИНА АУСТРАЛИЯНЫ СҮРІНДІРІП, ШИРЕК ФИНАЛҒА ШЫҚТЫ.

«НЕМІС МӘШИНЕСІ» ЖОЛДА ҚАЛДЫ

1.12.2022 ЖЫЛ

Қатардағы әлем чемпионатының топтық кезеңдегі соңғы тур ойындарын плей-оффқа дейінгі плей-офф матчтары десе де болатындай. Өйткені кейбір матчтарда жеңіске жеткен құрама келесі кезеңге шықса, жеңілгені өз еліне қайтады. Кей кездесулердің жөні тіпті бөлек. Қарсыласын қанша жерден ірі есеппен тізе бүктірсе де, атағы дардай құрама болса да, топтық кезеңнен шыға алмай, жанкүйерлері алдында масқара болды. Сондай құраманың бірі – Германия.

2014 жылғы Бразилиядағы доп додасының финалында жарыс қожайындарын 7:1 есебімен жеңіп, әлем чемпионы атанғаннан кейін «неміс мәшинесін» қырсық шалды. Олар 2018 жылғы Ресейдегі футбол тойында Кореядан жеңіліп, плей-оффттан құр қалып қойған болса, араға төрт жыл салып Қатарда да сол сценарий қайталанды. Бұл жолы соңғы турда жеңгенімен, бәрібір топтан шыға алмады. Сол аралықта Германия екі Еуропа біріншілігіне қатысып, екеуінде де финалға жете алмады.

Иә, Германияның соңғы турда плей-оффқа шығу-шықпауы қатар өткен Испания – Жапония магчына тікелей байланысты еді. Испаниялықтар соңғы турда Жапонияны жеңгенде Германияны өздерімен бірге келесі кезеңге алып шығар еді. Бірақ күтпеген жерде Күншығыс елінің өкілдері айды аспанға бір-ақ шығарып, Испанияны да тізе бүктірді. Осылайша, жапониялықтар бір әлем чемпионатында екі бірдей мундиалдың жеңімпазын жеңіп, 1/8 финалға шықты. Сөйтіп, Е тобынан Жапония бірінші орынмен, Испания екінші орынмен келесі кезеңге өтті.

Дәл осы күні F тобындағы төрттікте 2018 жылғы әлем біріншілігінің қола жүлдегері Бельгия соңғы турда Хорватияны жеңе алмай (0:0), биылғы доданы ерте аяқтауға мәжбүр болды. Қатардағы доп додасы басталмай тұрып футбол мамандарынан «қай топ құрамалар топтан шыға алмай қалуы мүмкін», деп сұрау салғанда, көпшілік Португалия мен Францияны атаған болатын. Себебі Португалия Роналдудың төнірегіндегі даудамайға байланысты ішкі тәртіпсіздікке тап келсе, Франция бұл әлем біріншілігіне негізгі құрамның бірнеше футболшысын екеге алмаған еді. Ал Бельгиядан ешкім мұндай суренсіз ойынды күткен жоқ еді. Сөйтіп, Бельгияның 2010 жылы басталған «алтын дәуірі» осымен аяқталған сияқты.

Бельгияның сәтсіздігін тиімді пайдаланған Марокко соңғы турда Канаданы бір доп айырмасымен жеңіп (2:1), 1986 жылдан кейін бірінші рет әлем чемпионатының плей-офф кезеңіне жолдама алды. Тіпті Африка құрлығының өкілі топтық кезеңде бірде-бір ойында жеңілмей, жеті ұпаймен өз тобында көш бастады. Хорватия бес ұпаймен екінші орынға жайғасты.

«ХАНТАЛАПАЙҒА» ТҮСКЕН ҮШ ҚҰРАМА

2.12.2022 ЖЫЛ

G тобындағы екінші жолдамаға (біріншісін Бразилия екінші турда-ақ иеленіп қойған) Камерун, Швейцария және Сербия құрамалары таласып, Швейцария футболшыларының асығы алшысынан түсті. Олар өте тартысты өткен соңғы турда Сербияны 3:2 есебімен жеңді. Ал Камерун құрамасы 3-турда Бразилиядан басым түскенімен (1:0), бәрібір топтық кезеңде қалып қойды.

Н квартетінің соңғы турында Португалия Корея құрамасынан жеңілсе де, екеуі бір-бірін 1/8 финалға алып шықты. Бір қызғығы, Португалия – Корея матчының 90-минутына дейін таблода 1:1 есебі тіркеліп, қатар өтіп жатқан ойында Гананы 2:0 есебімен жеңіп жатқан Уругвай бір аяғымен плей-оффқа тұрған еді. Алайда корейлықтар төреші қосқан қосымша минутта Португалия қақпасына екінші голын соғып, екінші жолдаманы Уругвайдан тартып алды. Бар мәселені ойынның соңында соғылған бір ғана гол шешіп кетті. Өйткені Корея мен Уругвай құрамасы соңғы турдағы жеңістерінен кейін 4 ұпаймен екінші орынды өзара бөліскенімен, корейлықтар доп айырмасының арқасында келесі айналымға жолдама алды. Азиялықтар үш турда төрт гол соғып, өз қақпасына төрт гол өткізіп алған болса, оңтүстік америкалықтар екі гол соғып, екі гол өткізіп алған еді. Сөйтіп, Уругвай үшінші орынға түсіп қалды.



1000-ОЙЫНЫН ӨТКІЗДІ

3.12.2022 ЖЫЛ

Сенбі күні өткен плей-офф матчтарының алғашқы екі ойынында Нидерланд пен Аргентина құрамалары жеңіске жетіп, ширек финалда сыңға түсетін бірінші жұпты анықтап берді. «Қызғалдақтар» елінің құрамасы 1/8 финалда АҚШ-ты 3:1 есебімен тізе бүктірсе, Месси бастаған Аргентина құрамасы әрең дегенде Аустралия футболшыларынан басым түсті – 2:1. Бұл ойында мергендігімен көзге түскен Месси өзінің ұлттық құрамадағы 1000-ойынын өткізді.

ФИНАЛҒА ПАРАПАР КЕЗДЕСУ

4.12.2022 ЖЫЛ

Дәл осы күні ширек финалға шыққан тағы екі құрама белгілі болды. Плей-офф сатысының үшінші кездесуінде D тобында үздік шыққан Франция C тобының екінші орын иегері Польшамен, 1/8 финалдың төртінші матчында Англия өз тарихында екінші рет плей-офф кезеңіне шыққан Сенегал құрамасымен жасыл алаңда жолықты.

Жасыратыны жоқ, Польша – осы әлем чемпионатының плей-офф кезеңіне шыққан ең әлсіз құраманың бірі. Турнирдің топтық кезеңінде Сауд Арабиясын 2:0 есебімен жеңіп, Мексикамен тең ойнаған (0:0) Польша футболшылары төрт ұпаймен әрең дегенде 1/8 финалға жолдама алды. Дәлірегі, қақпашы Войцех Шчеснидің жеке шеберлігі арқасында плей-оффта ойнау бақытына ие болды. 30 жастағы «Ювентус» клубының қақпашысы топтық кезеңдегі үш матчта 16 сейв жасап, екі матчта қақпасына бірде-бір гол өткізген жоқ. Тіпті Месси мен Ад-Довсаридің пенальтиден тепкен добын қайтара білді. Футболда барлық матчтың тағдырын бір футболшы шешетін болса, онда Аргентина кейінгі төрт әлем чемпионатында кубоктан үй тұрғызатын еді.

Роберт Левандовски бастаған Польша жігіттері өте нашар ойын көрсетті. 90 минут бойы Уго Льорис қорғаған қақпаға небәрі үш мәрте дәл соққы жасай алды. Тек ойынның соңғы минутында ғана Левандовскидің бір пенальтиді екі рет теуіп, екіншісінде әрең гол салғанын айтпағанда.

Ал Франция болса, қатарынан екі дүркін әлем чемпионы атану мақсатында тағы бір маңызды қадам жасады. Бірінші таймдағы Оливье Жирудің голы мен екінші таймдағы Килян Мбаппенің дублі Францияға жеңіс сыйлады – 3:1. Биылғы чемпионаттағы бесінші голын соққан Килян сұрмергендер көшінде 5 голмен жеке-дара көш бастады.

Франция мен Польша футболшылары әлем чемпионаттарының тарихында осымен екінші рет кездесті. Ең алғаш 1982 жылғы Испанияда өткен әлем біріншілігінің үшінші орын үшін өткен матчында жолығып, сол жолы польшалықтар 3:2 есебімен басым түскен болатын. Арада 40 жыл өткенде француздар Польшадан есе қайтарды.

Плей-оффтың төртінші матчында Сенегалды сенімді түрде жеңген Англия ширек финалда Францияға қарсылас атанды. Топтық кезеңдегі екі ойында қарсыластарын ірі есеппен (Англия – Иран 6:2, Англия – Уэльс 3:0) тізе бүктірген ағылшындар бұл жолы да африкалықтардың қақпасына жауапсыз үш гол соқты. Кездесудің 35-минутында Джордан Хендерсон Беллингемнің пасынан кейін матчтың есебін ашса, бірінші тайм аяқталар тұста капитан Харри Кейн есепті 2:0-ге жеткізді. Кейіннің алаңдағы негізгі жұмысы гол соғу болса да, ол осы чемпионаттағы төртінші матчында алғашқы голын соқты. Шабуылға қарағанда жартылай қорғаныста сауатты өнер көрсететін Кейн әріптестеріне гол соғатын мүмкіндік тудырып бергенді құп көретін футболшы.

Кейінгі төрт матчта ағылшындардың ойынынан мынадай бір ерекшелікті байқадық. Яғни олар кез келген матчтың есебін бірінші болып ашады да, екінші голын да жылдам соғуға тырысады. Сенегалмен өткен матчта да солай істеді.

Кездесудің екінші таймында Сака ағылшындардың үшінші голын соқты – 3:0.

Сөйтіп, 10 желтоқсанға жоспарланған ширек финалда бір-біріне лайықты қарсылас – Франция мен Англия құрамалары кездеседі. Дәл осы финалға бергісіз матч биылғы чемпионның кім болатынын анықтап беруі де ғажап емес.

ЖИРУДЫҢ ЖОЛЫ БОЛЫП ТҮР

Франция мен Польша құрамалары арасындағы бәсекеңің 44-минутында ойынның есебін ашқан Франция құрамасының шабуылшысы Оливье Жиру өзінің ұлттық құрама жейдесіндегі 52-ші голын соғып, Францияның футбол тарихындағы ең үздік сұрмергеніне айналып шыға келді.

Ол бұл жетістігі арқылы әйгілі шабуылшы Тьерри Анриден озып кетті. Анри өз елінің бас командасы құрамында 123 матч өткізіп, қарсыластарының қақпасына 51 гол соққан. Сондай-ақ мергендер тізімінде Жируды Антуан Гризманның (42 гол), Карим Бензема (37) және Килян Мбаппе (29) өкшелеп келеді.

Сол ойында екі мәрте мергендігімен көзге түскен Килян Мбаппе әлем чемпионаттары тарихындағы небәрі 11-матчында 9-голын соқты. 23 жастағы шабуылшыға әйгілі германиялық сұрмерген Мирослав Клозениң рекордын бұзуға (16 гол) бар-жоғы жеті гол қалды.

Сондай-ақ Франция – Польша матчында алаңға шыққан франциялық қақпашы Уго Льорис ұлттық құрама сапындағы 142-ойынын өткізіп, отандасы Лилян Тюрамның рекордын қайталады. Уго осы уақыт аралығында Франциямен бірге 2018 жылы әлем чемпионатында, былтыр Ұлттар лигасы турнирінде жеңімпаз атанды. Ол биыл өзінің төртінші әлем чемпионатына қатысып жатыр.

ҚАТАРДАҒЫ БРАЗИЛИЯ КАРНАВАЛЫ

5.12.2022 ЖЫЛ

Футболдан әлем чемпионатының он алтыншы күнінде жанкүйерлер 1/8 финалдың тағы екі матчын тамашалады. Біріншісінде 2018 жылғы әлем біріншілігінің вице-чемпионы Хорватия топтық кезеңде сенация жасаған Жапонияны матч соңындағы пенальти сериясында жеңсе, екіншісінде бес дүркін әлем чемпионы Бразилия Кореяның қақпасына төрт гол соғып, Қатарда футбол карнавалын ұйымдастырды.

Әйгілі футболшы Пеленің бір сұхбатында: «Сендер соға алғандарыңша гол соғасындар, ал біз қалағанымызша гол соғамыз», деп айтқаны бар еді. 6 желтоқсанда Корея құрамасымен матч өткізген Пеленің ізбасарлары Ким Сен Гю қорғаған қақпаға қалағанынша гол соқты. Үзіліс кезінде Бразилия құрамасының бас жаттықтырушысы шәкірттерінен ойын қарқынын бәсеңдетуін сұрап, эйфорияға берілмей, ширек финал матчын да ойлау керектігін ескерткеніндей, екінші таймда Неймар бастаған жігіттердің тағы қанша гол соғатынын болжаудың өзі қиын еді.

Топтық кезеңде әр ұпай маңызды болған соң, бразилиялық футболшылар топырлатып гол соға бергенше, мейлінше көбірек ұпай жинауға баса назар аударды. Ал көп гол соғу қажет болған плей-офф матчында, олар бұл тапсырманы да бұлжытпай орындады. Бірақ бұл жерде көп мәселені құрамалардың деңгейі шешкенін де айта кету керек. Мәселен, Бразилия мен Оңтүстік Корея футболшылары осыған дейін бес мәрте жолдастық матч өткізіп, соның бәрінде Оңтүстік Америка құрлығының өкілдері ірі есеппен жеңіске жеткен. Соңғы рет жаз мезгілінде ұйымдастырылған кездесуде Бразилия қарсыластарын 5:1 есебімен тізе бүктірген болатын. Ал бұл жолғы бәсекеде бразилиялықтар қарқынын жоғалтпағанын, корейлықтар болса, әлі де сол деңгейден көтеріле алмағанын байқатты – 4:1.

Кездесудің жетінші минутында Винисиус Жуниордың бастап берген голдар шоуын 13-минутта Неймар пенальтимен жалғады. Бұл – Неймардың ұлттық құрама сапында соққан 76-голы. Егер ол келесі матчта да мергендік танытатын болса, онда даңқты отандасы Пелемен теңеседі. Бірінші тайм аяқталғанға дейін бразилиялықтардан Ришарлисон (29-минут) мен Пакета (36) қанжығаларын бір-бір голмен майлады. Корея құрамасының жалғыз голын екінші таймның 76-минутында Пайк Син Хо соқты.

Жапония – Хорватия матчында еуропалықтар қағаз жүзінде кездесудің басты фавориті саналғанымен, барша жұрт Күншығыс елінің өкілдері іріктеу кезеңінде «ажал тобынан» қалай бірінші орынмен шыққанын жақсы біледі. Сондықтан кешегі ойында Хорватия футболшылары аса сақтықпен ойнап, матчты барынша пенальти сериясына дейін созғаны анық байқалды. Өйткені топтық кезеңде қатырып ойнамаған «шакпақ жейделі» құраманың футболшылары кейінгі бірнеше ірі турнирде тек пенальтидің арқасында ғана келесі кезеңге өтіп жүргенін жанкүйерлер жақсы біледі. Бұл матчта да дәл сондай жағдай қайталанды.

Кездесудің бірінші таймын Жапония құрамасы өте жақсы өткізді. Алғашқы минуттардан бастап 45-минутқа дейін Хорватия қақпасына бірнеше мәрте қауіпті шабуыл ұйымдастырғанымен, бар-жоғы бір ғана гол соға алды. 43-минутта Хорватия қақпасының алдындағы қарбалас сәтте Дайдзэн Маэда ептілік танытып, матчтың есебін ашты. Екінші таймның 55-минутында хорватиялық Иван Перичич таразы басын жылдам теңестіріп кетті. Бұл – Перичичтің әлем чемпионатында соққан алтыншы голы. Ол бұл нәтижесімен отандасы Давор Шукермен теңесіп алды. Матчтың қалған уақытында да, қосымша экстра-таймда да Жапония мен Хорватия футболшылары гол соғып, жеңімпазды анықтай алмады. Сөйтіп, келесі кезеңге шығатын құраманы матч соңында пенальти лотереясы анықтап берді.

Пенальти тебуге және 11 метрлік айып добын қайтаруға әбден машықтанған Хорватия құрамасына шешуші тұста сәттілік жолдас болып, қақпашы Ливаковичтің шеберлігі арқасында ширек финалға жолдама алды. Қорытынды есеп – 2:1 (пенальти – 3:1). Хорватия құрамасының қақпашысы Доминик Ливакович Жапония футболшылары тепкен үш пенальтиді қайтарып, командасына маңызды жеңіс сыйлады. Ол Такуми Минамино, Каору Митома мен Мая Йосида тепкен допка тойтарыс берді.

Айта кетейік, хорватиялық футболшылар 2018 жылғы әлем чемпионатының 1/8 финалында да, ширек финалда да Дания мен Ресей құрамаларын ойын соңындағы пенальтиден жеңіп, финалға дейін жеткен еді.

«ЕРНАЗАРДЫҢ СЕГІЗІ» ІРІКТЕЛДІ

6.12.2022 ЖЫЛ

Бұл күні плей-офф кезеңі тағы бір сенациямен аяқталды. 1/8 финалдың жетінші матчында Марокко Испанияны (2010 жылғы әлем чемпионы) пенальти сериясында тізе бүктіріп, өз тарихында тұңғыш рет әлем біріншілігінің ширек финалына жолдама алды. Ал плей-оффтың соңғы бәсекесінде Португалия Криштиану Роналдудың көмегісіз-ақ, Швейцарияның тас-талқанын шығарды – 6:1.

Осыдан төрт жыл бұрын Ресейде ұйымдастырылған әлем чемпионатының топтық кезеңінде Марокко Испанияны тобықтан қағып, плей-офф сатысына шығармай тастауы мүмкін еді. Алайда соңғы минуттарда Яго Аспас таразы басын теңестіріп, испаниялықтар доп айырмасының арқасында ғана келесі кезеңге шыққан еді. Ал Марокко болса, жалғыз ұпаймен В тобында соңғы орында қалып қойған-тын. Бірақ Испания 1/8 финалда жарыс қожайындарынан пенальти сериясында жеңіліп, ширек финалдан тыс қалған болатын.



ТӨРТЕУ ТҮГЕЛ БОЛСА...

← 4

Испания биылғы әлем біріншілігінде де төрт жыл бұрынғы тарихын қайталады. Олар алғаш доп айырмасымен плей-офф кезеңіне шыққан болса, 1/8 финалда Мароккодан пенальти сериясынан жеңілді. Сөйтіп, бұл жолы да Испания футболшылары ширек финалдан тыс қалды.

Марокко Қатардағы әлем чемпионатын өте жоғары деңгейде өткізіп жатқанын айта кету керек. Топтық кезеңде 2018 жылғы доданың екі жүлдегері – Хорватия мен Бельгия және 1986 жылдан кейін әлемдік мундиальға бірінші рет қатысқан Канадамен бір топта ойнап, жеті ұпаймен өз тобында бірінші орынға ие болды.

Бір қызығы, африкалықтар турнир басталардан үш ай бұрын бапкер ауыстырып, футбол сарапшылары оларды аутсайдерлердің қатарына қосып қойған-ды. Бірақ 47 жастағы жаттықтырушы Валид Реграгий аз уақыттың ішінде барлық футболшыны бір мақсатқа жұмылдыра алды. Әдетте, мұндай құрамалар күтпеген жерде сенсация жасап жатады. Оны чемпионатқа қатысып жатқан бірнеше команда дәлелдеп берді.

Испания болса, топтық кезеңде Коста-Риканы ірі есеппен жеңіп, соңғы турда Жапониядан жеңіліп, әйтеуір жанкүйерлерін зеріктіре қойған жоқ еді. Ал 1/8 финалдағы Испания – Марокко матчы жанкүйерлердің ішін әбден пыстырғаны анық. Әрине, бір команда 90 минут бойы қорғанып, екіншісі қорғаныстың кілтін таба алмай, дені дұрыс шабуыл ұйымдастыра білмесе, ондай ойында қандай береке болады дейсіз. Ақыры бірде-бір гол соғылмаған матчтың жеңімпазын ойын соңындағы пенальти сериясы анықтап берді.

Луис Энрике осы матчтың алдындағы баспасөз мәслихатында футболшыларына мың рет пенальти тепкізіп, футбол лотереясына әбден дайындалғанын айтып еді. Бірақ жауапты сәтте «қызыл фурия» футболшылары тағы да ескі әдетіне басып, бұл жолы Мароккодан жеңілді. Испанияның үш футболшысы – Карлос Солер, Серхио Бускетс және Пабло Сарабия 11 метрлік нүктеден мүлт кетсе, Тунистің жеңісті голын Мадридте туып, кезінде Испания құрамасына керек болмаған Ашраф Хакими соқты.

Португалия құрамасының бас жаттықтырушысы Фернанду Сантуш Швейцариямен болған ойында Криштиану Роналдуды қосалқы құрамда қалдырып, оның орнына ұлттық құрама деңгейінде аса тәжірибесі жоқ «Бенфиканың» 21 жастағы шабуылшысы Гонсалу Рамушты шығарғаны барша футбол маманын таңғалдырды. Сантуш швейцариялық әріптесі Мұрат Якинге осындай үлкен тосынсыз дайындаған екен.

Матчка дейін көпшілік Фернанду Сантуштың таңдауына тосырқай қарап, Португалия үшін алаңдаған еді. Әйтсе де, матчтың есебі Сантуштың тактикасы 100 пайыз жүзеге асқанын дәлелдеп берді. Ол Роналдуды алғашқы минуттан бастап алаңға шығармағанына еш өкінген жоқ. Қайта қуанышы басым болды. Маңызды ойында сенім білдірген шәкірті Гонсалу Рамуш жерге қаратпай, 67 минуттың ішінде бір емес, үш гол соғып, Португалияның қаһарманына айналды. Сондай-ақ матчтың 33-минутында есепті еселеген Пепе Португалия құрамасы сапында әлем чемпионаттарында гол соққан ең сақа футболшы атанды. Екінші таймда Пиреней түбегі елінің өкілдерінен Геррейру (55) мен Леау (90+2) бір-бір мәрте мергендік танытса, Швейцарияның жалғыз голын 58-минутта Аканжи салды.

Португалия құрамасы бесінші голын соққаннан кейін бас бапкер Сантуш үш гол соққан Рамуштың орнына Роналдуды шығарды. 37 жастағы футболшы гол соғуға әжептәуір ұмтылғанымен, қанжығасын майлай алмады. 83-минутта Криштиану Зоммердің қақпасынан саңылау тапқанымен, бас төреші гол ойыннан тыс жағдайда соғылды деп есептемей қойды.

АҚША МА, АТАҚ ПА?

Қатарынан бес әлем чемпионатында гол соққан футболшы Криштиану Роналду

қазіргі таңда клубсыз жүргені баршаға белгілі. Ол әлемдік мундиальдың екінші күнінде-ақ Англияның «Манчестер Юнайтед» клубымен келісімшартын бұзған еді. Роналду «Манчестер Юнайтедпен» бірге үш мәрте Англия чемпионы, екі рет Англияның Лига кубогінде жеңімпаз атанған.

Роналдудың клубсыз қалғаны сол-ақ екен, оны бүкіл әлемнің командалары өз клубтарында көруге ниетті екендігін білдіріп жатыр. Мәселен, Криштиануды Сауд Арабиясының «Ал-Наср» клубы аттай қалап отыр. Олар португалиялық шабуылшыға жылына 200 миллион еуро жалақы беруге дайын. Испаниялық «Магса» басылымының мәліметі бойынша, арабтар португалиялық шабуылшыға екі жарым жылдық келісімшарт ұсынған.

ТӨРТ МЫҚТЫ ТҮГЕНДЕЛДІ

9.12.2022 ЖЫЛ

Қатардағы әлем чемпионатының сегіз мықты командасы өзара сайысқа түсті. Бірден айта кетейік, өте шиеленісті әрі тартысты өткен ширек финалдық сайыстардың әрқайсысы да миллиондаған жанкүйердің көңілінен шықты.

Жұмадан сенбіге қараған түні Эр-Райянда Хорватия мен Бразилия күш сынасты. Көп кешікпей Лусаилда Нидерланд пен Аргентина айкасты. Алдымен осы ойындарға жеке-жеке тоқтала кетейік.

БРАЗИЛИЯЛЫҚТАРДЫҢ «БАЛЕТІ» АЯҚТАЛДЫ

Эр-Райяндағы кездесудің сөзсіз фавориті Бразилия құрамасы еді. Олар 1/8 финалда Оңтүстік Кореяны 4:1 есебімен ойсырата ұтқанда, жанкүйерлер «енді сеніммен асырата ұтқанда, тоқтататын күш жоқ шығар» деп пайымдады.

Бірақ Златко Даличтің бұл ойынға өз жоспары болды. Оңтүстік Америкадан келген оғандардан еш қаймықпаған хорваттар 120 минут бойы аяңбай айкасты. Иә, Тите шәкірттерінің қарсыластарына қарағанда гол соғуына мүмкіндіктері едәуір көп болғаны рас. Алайда сын сағатта қарт құрлықтың өкілдері бір жұдырық болып жұмыла білді. Оның үстіне, қақпашы Доминик Ливаковичтің мінсіз ойыны тамсандырды. Ол өз қақпасын талай қауіпті жағдайдан аман алып қалып, барлығы 11 сейв жасады.

Негізгі уақыт тең аяқталды. Овертаймда бразилиялықтар есеп ашты. 105-минутта Неймар мергендік танытты. Бірақ олардың қуанышы ұзаққа созылмады. Үзілістен кейін жанұшыра алға

ұмтылған хорваттар керемет комбинация ұйымдастырды. Оның ақыры Бруно Петковичтің ғажап гол соғуымен аяқталды. Есеп – 1:1.

Пенальти соғу барысында Хорватия футболшылары барлық мүмкіндіктерін ұтымды пайдаланды. Никола Влашич, Ловро Майер, Лука Модрич және Мислав Оршич нысананы дәл көздеді. Қарсыластары екі мәрте қателесті. Родриго тепкен допты Ливакович кері қайтарса, Маркинос бағанаға тигізді. Есеп – 4:2. Осылайша, хорваттар жартылай финалға жолдама алды. Ал бәсеке аяқталған бетте алты жылдан аса Бразилия құрамасының бас бапкері болған Тите өз еркімен қызметінен кететінін ресми түрде мәлімдеді.

15 ЕСКЕРТУ ЖАСАЛҒАН ОЙЫН

Өзгелерді айтпағанда, тісқакқан букмекерлердің өздеріне Нидерланд пен Аргентина құрамалары арасындағы кездесудің жеңімпазын анықтау оңайға соққан жоқ. Тіптең, көпті көрген көнігі мамандар мен сақа сарапшылардың пікірлері де екіге жарылды. Бастапқыда біз іш пыстырарлық ойынның куәсі болдық. Жарты сағаттан аса уақыт бойы қос команда бір-бірінің қақпа маңына маңайлай алмады. Көбіне-көп тартыс алаң ортасында өрбіді. Тек 35-минутта Лионель Мессиден жақсы пас алған Науэль Молина есеп ашты. Алайда одан кейін де көпке дейін ойын жоғарыдағыдай сценарий бойынша өрбіді.

73-минутта Месси 11 метрлік нүктеден нысананы дәл көздегеннен кейін барлығымыз да «Луи ван Гал шәкірттері енді ештеңе өзгерте алмайды» деп ойладық. Бірақ мұнымыз бекер екен. Тек содан кейін барып қана ес жиған нидерландтықтар намысқа қамшы басты. Нәтиже көп күттірген жоқ. 83-минутта Ваут Вегхорст есеп айырмашылығын қысқартты. Негізгі уақытқа төреші Матеу Лаос тағы 10 минут қосты. Сол уақыт аяқталар тұста «Қызғалдақтар елінің» футболшылары таразы басын теңестіріп кетті. Айып алаңында Тён Копмейнерс өзі тепкеннің орнына допты бір топ қорғаушы арасынан Вегхорстка сырғыта салды. Ол мүлт кеткен жоқ – 2:2. Овертаймда жеңімпаз анықталмады. Содан пенальти соғылды. Нидерланд құрамасының серкесі Вирджил ван Дейк пен Стивен Бергейс орындаған алғашқы екі соққыны қақпашы Дамиан Эмилиано Мартинес керемет сейвтермен кері қайтарды. Сол кезде аргентиналықтардың жартылай финалға шығатынына ешкімнің күмәні болмады. Айтқандай-ақ, Лионель Скалонидің командасы көздеген мақсатына қол жеткізді. Жеңіс голын Лаутаро Мартинес соқты – 4:3. Осы сәтсіздікке төзе алмаған 71 жастағы танымал бапкер Луи ван Гал отставкаға кетті.



Аталған бәсеке барысында 45 жастағы испаниялық қазы Матеу Лаос қос команданың ойыншыларына 15 мәрте ескерту жасады. Бұл – әлем чемпионаттары тарихындағы тағы бір рекорд!

МАРОККО МЫҚТЫ ЕКЕН

10.12.2022 ЖЫЛ

Сенбіден жексенбіге қараған түні Дохадағы «Әл-Тумама» стадионына жиналған 45 мыңға жуық жанкүйердің барлығы да тек Марокконы қолдағандай әсер қалдырды. Олай деуге негіз, олар шабуылға шықса, барша көрермен айғайға басып, сырнайлатып, кернейлетті.

Ал доп Португалия ойыншыларына тиссе, керісінше, жақтырмағандай сыңай танытты. Соны әсері болса керек, қара құрлықтан келген жігіттер өте сенімді ойнады. Плей-оффтың алғашқы кезеңінде Пиреней түбегінің түлектері Швейцарияны 6:1 есебімен ойсырата ұтқаны белгілі. Ол кезде қарсыластары бірден тізгінді өз қолдарына алуға тырысқан. Ал ондай ойын мәнері португалиялықтарға жақсы жағдай. Содан марокколықтар жақсы сабақ алған екен. Олар ойын тізгінін Португалияға беріп қойды да, өздері қарымта шабуылға жүгінуді жөн көрді. Бұл тактика өз жемісін берді. 42 минутта Эсефф Эн-Насери қақпашының өрескел қателігін пайдаланып, допты торға тоғытты.

Португалия құрамасы үзілістен кейін де жағдайды түзей алмады. Амалы таусылған Фернанду Сантуш 51-минутта Криштиану Роналдуды алаңға шығарды. Бірақ аты аңызға айналған шабуылшының өзі де жағдайды өзгерте алған жоқ. Бұл команданың сапында Жуан Феликс өте белсенді болды. Алайда оның тепкен доптарының барлығы да қақпадан жоғары кетті. Басқалары да ештеңе өндіре алмады. Тағы бір сәтте доп маңдайшаға тиді. Сөйтіп, 1:0 есебімен жеңіске жеткен Марокко жартылай финалға шықты. Олар тек Африка құрлығы ғана емес, араб әлеміндегі осы межеге жеткен тұңғыш команда ретінде тарихта қалды.

ХАРРИ КЕЙННІҢ ҚОРЛЫҒЫН-АЙ!

Көп ұзамай Әл-Хаурдағы «Әл-Байт» стадионындағы Англия мен Франция құрамалары арасында алапат айқаста тамашаладық. Алғашқы тайм толықтай француздардың басымдығымен өтті. Олар өте сенімді ойнап, қарсыластарын қос қапталдан жиі-жиі қыспаққа алды. Ағылшындар ара-тұра шабуылдағанымен, өте сақ ойнауға тырысты. Сырт көзге олар қарсыластарынан қаймығып жүргендей әсер қалдырды. Олай деуге негіз, қит етсе допты артқа беріп, тәуекелге бармады. Ал доп Килиан Мбаппеге тиссе, бірнеше ойыншы оны қоршауға алып, әбден әбігерге түсті. 17-минутта француздардың кезекті бір шабуылынан кейін есеп ашылды. Жартылай қорғаушы Орельен Тчуаменидің шамамен 22 метрдей қашықтықтан қақырша тепкен добы қақпа торынан табылды.

54-минутта Харри Кейн 11 метрлік нүктеден таразы басын теңестірді. Нағыз қызық содан кейін басталды. Қос команда алма-кезек қауіпті шабуыл ұйымдастырып, көрермендердің делебесін әбден қоздырды. Бірақ басымдық бәрібір француздар жағында болды. Олар ширақ әлі сенімді қимылдады. Нәтижесінде, 78-минутта Оливье Жиру әлем чемпиондарын алға шығарды. Десек те матчтың соңына таман Англия құрамасының да гол соғуына мүмкіндігі болды. VAR-дың көмегіне жүгінген төреші Уго Льористің қақпасына тағы пенальти белгіледі. Бірақ бұл жолы Кейннің тепкен добы маңдайшадан әлдеқайда биік кетті. Есеп – 2:1. Ұзақ жылдар бойы Тұманды Альбион елінің басты сүйермергені саналып келген сақа ойыншының жұкесі сын сағатта сыр берді. Соның салдарынан ағылшындардың жүлделі орындар үшін талассақ деген үкілі үміті үзілді. Ал Дидье Дешамның командасы жартылай финалға жолдама алды.

Осылайша, жартылай финалға шыққан төрт мықты команда анықталды. Енді 13 желтоқсанда Лусаилда Аргентина мен Хорватия күш сынасса, келесі күні Марокко мен Франция шеберлік байқасады. 17 желтоқсанда қола медаль үшін тартысты тамашаласақ, ал биылғы әлем чемпионатының жеңімпазы 18 желтоқсанда анықталады.

КЕЛЕСІ ЧЕМПИОНАТҚА 48 КОМАНДА ҚАТЫСАДЫ

Футболдан 2026 жылы АҚШ, Канада және Мексикада өтетін әлем чемпионатына әдеттегідей 32 құрама емес, 48 елдің құрамасы қатысатын алғашқы ірі доп додасы болмақ.

Осыған орай ФИФА мен жарысты ұйымдастыратын елдің футболына жауапты мамандарымен төрт жылдан кейін алауы тұтанатын әлем чемпионатының топтық кезеңі форматын талқылап жатыр.

Чемпионатты ұйымдастырушылар әуелі 48 құраманы үш-үштен 16 топқа бөліп ойнатуды жоспарлаған еді. Енді олар қазіргідей төрт құрамалардан 12 топқа бөлу нұсқасын қарастырып жатқандарын мәлімдеді. Егер ФИФА тарапынан соңғы нұсқа қолдау табатын болса, онда әлем чемпионатында біз 104 матчтың куәсі боламыз.

ФИФА әлем чемпионатындағы матчтар санының артуына футболшылар мен құрамалар қарсылық білдіре ме деп алаңдап отыр. Себебі құрамалар финалға дейін әдеттегідей, жеті емес сегіз матч өткізуіне тура келеді. Ал футбол мамандары матч санын арттырумен бірге әлем чемпионатын тағы бірнеше күнге созуды ұсынып отыр.

Увайс АХАТАЕВ:

ТИТАН СОВЕТСКОГО БАСКЕТБОЛА

ЦЕНТРОВОЙ УВАЙС АХАТАЕВ, ЗА КОТОРЫМ НАВСЕГДА В ТОГДАШНЕЙ СТОЛИЦЕ КАЗАХСТАНА АЛМА-АТЕ ПРИЛИПЛО ПРОЗВИЩЕ «ВАСЯ – ЧЕЧЕН», ПРИ ЖИЗНИ СТАЛ ЛЕГЕНДОЙ СОВЕТСКОГО БАСКЕТБОЛА. РОСТ СПОРТСМЕНА СОСТАВЛЯЛ 2М 32 СМ, А ВЕСИЛ ОН 170 КГ. (ДРУГИЕ ИСТОЧНИКИ УТВЕРЖДАЮТ, ЧТО РОСТ У НЕГО БЫЛ 2М 36 СМ – ПРИМ. АВТОРА). ПОЭТОМУ ОН ПОКА ОСТАЕТСЯ ЕДИНСТВЕННЫМ НА ПОСТСОВЕТСКОМ ПРОСТРАНСТВЕ ЧЕЛОВЕКОМ, КОТОРЫЙ ИМЕЛ ТАКИЕ ДАННЫЕ В СПОРТЕ. ДАЖЕ СТАТИСТИКА МИРОВОГО БАСКЕТБОЛА НЕ ЗНАЛА АНАЛОГИЧНЫЕ ПРИМЕРЫ, ПОКА В СЕРЕДИНЕ ВОСЬМИДЕСЯТЫХ ГОДОВ В НБА НЕ ПОЯВИЛСЯ МАНУТЕ БОЛ (ЮЖНЫЙ СУДАН), ИМЕВШИЙ ТАКОЙ ЖЕ РОСТ, НО ВЕС ЕГО СОСТАВЛЯЛ ВСЕГО 103 КГ.


ЗА НИМ ХОДИЛИ ТОЛПЫ ЛЮДЕЙ

появился в тогдашней Алма-Ате в конце сороковых годов прошлого столетия. По рассказам ветеранов спорта того времени, его вместе с матерью из города Ленгера Южно-Казахстанской области привез в столицу республики знаменитый спортивный функционер Исаак Исаулович Капелевич, занимавший не только пост главного тренера баскетбольной команды «Буревестник», но и являющийся заместителем директора физкультурно-технического управления. И не трудно догадаться для каких целей он перевез семью репрессированных чеченцев из ЮКО. Прежде всего, функционера интересовали хорошие физические данные парня. Высокий, широкоплечий, он вызывал восторг у каждого, кто хоть один раз видел его. Вся Алма-Ата говорила о феноменальной личности. Когда Вася - чечен появлялся в городе, а это происходило практически каждый день, за ним ходили толпы людей. Рядом с Гулливером они казались сказочными героями мультфильмов. А иные родители пугали его именем своих чад. Не раз рассказывали, как дети, увидев Увайса, сразу переставали плакать. Даже подростки, впервые увидевшие такого гиганта, не могли оторвать свои взгляды от добродушного спортсмена. Вася всегда шутил, и улыбался. Но за ним всегда охотились тренеры из других видов спорта. Особенно легкоатлеты. Однажды он запустит снаряд (диск) на такое расстояние, что выдавшие виды тренеры сразу приедут уговаривать его мать отдать парня в легкую атлетику. А мама (она была маленькой женщиной безумно любившей своего сына), скажет: «Увайс сам решит, где ему лучше». И все же Ахтаева иногда привлекали на состязания. Известно, что он представлял нашу республику на спартакиаде во Львове, где выступил в толкании ядра. Но баскетбол в его жизни был главным видом спорта. Он был единственным центровым в СССР в современном понимании этого слова. В то время, как известно, в баскетбол играли спортсмены независимо от роста. Это с приходом Васи - чечена команды Советского Союза начали интенсивный поиск высокорослых личностей. Потому что невозможно было защитникам играть против гиганта. Для тренеров

начиналась головомка: как нейтрализовать центрального алма-атинского «Буревестника»? Разыгрывающие доставляли мяч Увайсу в основном по воздуху, а он его легонько клал в кольцо. Даже не прыгая. Сегодня такие трюки в прыжке вызывают большой восторг у болельщиков. Но у Васи этот прием был, основным в арсенале. Технически он был подкован очень хорошо. Особенно удавались ему штрафные броски. Редко когда он не попадал в кольцо. Частенько приносил очки своей команде, используя такой прием, как «бросок крючком». И его он постоянно отрабатывал на тренировках. Получалось красиво и эффектно. Это и было секретным оружием Васичечена. Практически в каждой игре он приносил своей команде больше всех очков. Иногда и больше половины. Когда он брал в руки оранжевый мяч, он в его широких ладонях казался небольшим шаром.

Мог Ахтаев отыграть и в линии обороны. Когда соперник начинал играть низом, к этому приему прибегали соперники зачастую, то тренеры ставили Ахтаева у кольца. Его задачей было перехватывать мячи, которые летели в корзину. Рост позволял ему первым делать подборы и отправлять снаряд вперед на партнеров. Сопернику было очень трудно попасть в цель, когда у своих «ворот» дежурил Вася. И как любой спортсмен, очень переживал неудачи, выкладывался в каждой встрече до конца. Несмотря на свои габариты, порой действовал быстро и грамотно. Обычно на разворотах сметал со своего пути своих соперников. И все было в пределах правил. Благодаря его игре в далеком 1953 году «Буревестник» попал в финал Кубка страны. Еще через три года занял пятое место на спартакиаде народов СССР. Все до сих пор вспоминают его противостояние с другим великаном латышом Янисом Круминьшем (рост 2 м 18 см). Действия происходили, как в замедленной съемке. Но преуспел в этом противостоянии Увайс, который действовал безупречно у чужого кольца и оставлял не удел своего оппонента.

Что только не делали соперники, чтобы остановить Ахтаева? Даже шли на ухищрения. Один из одноклубников Увайса Владимир Хамзинович Мухамеджанов, рассказывал, что в кубковом матче на стадионе «Спартак» (парк культуры и отдыха имени М. Горького) динамовцы



“Тренер Александр ГОМЕЛЬСКИЙ говорил: – Ахтаев был мягок с мячом, даже ласков с ним. Вася действительно играл. И не надо думать, что Ахтаев был ограниченным в игровом плане человеком. Отнюдь! Конечно, в первую очередь он использовал свой рост и старался забить, вернее, вколотить, мяч в корзину. Но у него был и неплохо поставленный бросок, особенно со штрафных. Прекрасно играл в защите, ставя такую «крышу», что выбраться из-под неё было невероятно трудно. Это был умный, смысловый игрок, любящий, чувствующий и понимающий баскетбол.

столицы пошли на ухищрения. Это, пожалуй, был единственный курьезный случай в мировом баскетболе. Пытаясь нейтрализовать Васю, члены сборной СССР Евгений Алексеев и Василий Колпаков решили сравняться с нашим центровым в росте и переиграть его. Для этого Колпаков посадил на плечи Алексеева и таким тандемом они хотели перехватить мяч у казахстанской команды. Естественно, что потом москвичи от этой затеи отказались, потому что не успевали вернуться в свою зону. Об этом помнят только те, кто играл в то время на площадке и болельщики, смотревшие противостояние с великим клубом.

Наверняка Увайса Ахтаева с такими данными приглашали в главную команду страны? Вспоминает Заслуженный тренер СССР Шора Кадырович Юмашев: «Он был на сборах с командой СССР. Но почему он так и не заиграл в главной дружке страны. Ходили всякие слухи. В том числе, что чеченцы не выездные. И это был, пожалуй, главный аргумент. Ведь по игре Ахтаев, может быть уступал в скорости, но другим компонентах, ему в СССР не было равных. Но Увайс сыграл в нескольких товарищеских матчах. В том числе и с болгарской командой. И не более...».

САМЫЙ ПРЕДАННЫЙ БОЛЕЛЬЩИК

Им, конечно же, являлась мама Увайса. Она, рядом с сыном, казалось очень маленькой. Не пропускала домашних игры алма-атинской команды. Иногда даже присутствовала на тренировках. Хорошо знала правила игры. Обычно у нее во время официальных состязаний было свое место на трибуне. Увайс частенько после успешных атак поглядывал в ту сторону, где сидела она, а иногда и махал рукой. Позже к маме присоединилась супруга Васи - Тамара, которую он привез из Южно-Казахстанской области. Жила семья Ахтаевых дружно. От них излучала сама доброта. Поэтому все члены команды частенько гостили у них. А когда были финансовые затруднения, одноклубники шли в Увайсу за помощью. Они знали, что он - не откажет.


Но «звездной» болезни у Ахтаева и в помине не было. Вел себя всегда скромно. Даже тогда, когда ему не давали проходу в других городах. Он понимал, что отличается от других своими габаритами. Поэтому молча переносил все выкрики в свой адрес. Но однажды в Ленинграде, об этом тоже рассказывал Владимир Мухамеджанов, один из фотографов начал назойливо снимать Васю, да так досадила казахстанцу, что тот вырвал из рук неизвестного фотоаппарат и, вытащив оттуда пленку, вернул его хозяину.

Однако высокий рост всегда доставлял ему массу проблем в жизни. Когда садились в вагон он сразу бронирует себе третью полку, чтобы ноги можно было положить на полки, которые были вдоль вагона. На выезде всегда ему не везло - не было коек для его габаритов. И зачастую он ложился на пол. В то время не было магазинов «Для Гулливеров» поэтому одевался и обувался он на заказ. Обувь была 52-го размера. Сначала ездил на автомобиле «Москвич». Управлял сидя на заднем сиденье. Потом приобрел автомобиль «Победу». На общественном транспорте из-за своих габаритов старался не ездить. Жила семья Ахтаевых на пересечении улиц Пролетарской и Виноградова (ныне Зенкова - Карасай батыра). А тренировались баскетболисты на площадке, расположенной в парке имени 28-и гвардейцев-панфиловцев. Матчи проводили на «Спартаке» (центральный парк культуры имени М Горького). Из увлеченный Вася - чечен предпочитал бильярд. И играл он довольно неплохо. И в 1958 году семья принимает решение вернуться на историческую Родину в Грозный. Поводом этому послужила болезнь Увайса. Сначала у него обнаружили туберкулез, потом - сахарный диабет. В 1969 году после продолжительной и тяжелой болезни он умер. Ему было всего 39!

Алим АНАПЬЯНОВ



По предложению тренера по баскетболу Исаака Капелевича Ахтаев переехал в Алма-Ату и занялся баскетболом. В 1947 году участвовал в Спартакиаде институтов и техникумов физической культуры в Ленинграде в качестве баскетболиста. Играл за «Буревестник» (Алма-Ата). Благодаря ему и Арменаку Алачачяну, игравшему с ним в паре, баскетбол стал популярнейшим видом спорта в Казахстане.



Даурен АБАЕВ:

В РАЗВИТИИ СЕЛЬСКОГО СПОРТА ЕСТЬ МНОЖЕСТВО ПРОБЛЕМ

МИНИСТР КУЛЬТУРЫ И СПОРТА ДАУРЕН АБАЕВ ВСТРЕТИЛСЯ СО СПОРТИВНЫМИ ИНСТРУКТОРАМИ, КОТОРЫЕ РАБОТАЮТ В СЕЛЬСКОЙ МЕСТНОСТИ. СПЕЦИАЛИСТЫ ОБСУДИЛИ РЯД ВОПРОСОВ И ПРЕДЛОЖЕНИЙ, В ЧИСЛЕ КОТОРЫХ РАЗВИТИЕ СЕЛЬСКОГО СПОРТА И ПРЕДСТАВЛЕНИЕ ПЕРЕДОВОГО ОПЫТА НА МЕСТАХ, ПРОВЕДЕНИЕ ОБЛАСТНЫХ И РАЙОННЫХ СОРЕВНОВАНИЙ СРЕДИ ДЕТЕЙ И ПОДРОСТКОВ, ОТКРЫТИЕ НОВЫХ СПОРТИВНЫХ ОБЪЕКТОВ, ПОВЫШЕНИЕ ЗАРПЛАТЫ И МНОГООЕ ДРУГОЕ.

Встреча состоялась в рамках I конференции сельских спортивных инструкторов «Ауыл алаңынан – Олимпиада тұғырына». Участники отметили, что в сельской местности работают более 4 тысяч тренеров, которые обучают 257 749 детей и подростков в спортивных школах, 32 812 студентов образовательных учреждений, расположенных в сельской местности, 15 322 подростка, посещающих спортивные клубы здоровья, и 40 578 ребят из подростковых клубов и секций. Также в аулах работают 3 тысячи спортивных инструкторов.

«Вы являетесь главной движущей силой сельского спорта, вы не только воспитываете чемпионов, но и делаете спорт популярным увлечением среди сотен тысяч детей и подростков. Однако необходимо признать, что в сложившейся системе есть множество проблем, которые мы должны решить совместными усилиями. Вопросы развития сельского спорта носят комплексный характер. И для их решения нам необходимо провести большое исследование. К примеру, какая будет нагрузка на бюджет в случае повышения заработной платы инструкторам, кто несет персональную ответственность, кому должны подчиняться сельские кадры и так далее. Без четко выстроенной системы, без понятной и прозрачной вертикали мы не сможем говорить о каком-либо развитии», – сказал Даурен Абаев.

К слову, министр поручил Республиканскому учебно-методическому и аналитическому центру изучить ситуацию на местах и провести соответствующую работу.

Между тем ранее на своей странице в Фейсбук министр культуры и спорта Даурен Абаев высказался по претензиям в адрес своего ведомства. В адрес министерства стали приходить запросы от СМИ по двум темам – это выплата денежных компенсаций сурдлимпийцу Е.

Канафину и проведение кинофестиваля "Евразия".

Так, по словам Абаева, выплата денег за медаль Еркебулану Канафину противоречит законодательству, так как Еркебулан Канафин не являлся членом национальной сурдлимпийской сборной по дзюдо. Он не проходил в рамках сборной ни учебно-тренировочных сборов, ни углубленного медицинского осмотра, ни допинг-контроля в национальном антидопинговом центре.

"Национальный сурдлимпийский комитет заявил атлета на Игры самостоятельно, в обход всех правил, без согласования с уполномоченным органом. Более того, таким образом, был оставлен за бортом соревнований



Тугелбаев Айдос, инвалид по слуху, член национальной сборной по дзюдо, который в отличие от Е. Канафина участвовал во всех отборочных соревнованиях и тренировочных

сборах. И теперь после победы Е. Канафина в Играх министерство юридически не имеет права его поощрять. Ведь в законе черным по белому написано: выплаты осуществляются

членам национальных сборных команд", – пишет Даурен Абаев.

Также, по его словам, он не может комментировать решение суда, однако апелляция будет подана.


Что касается проведения кинофестиваля "Евразия". Тут речь идет о стоимости в 450 млн тенге, которую раскритиковали в СМИ, так как эти деньги можно потратить и на более полезные вещи. Но глава минкультуры и спорта считает, что расходы наоборот снижены.

"Для начала скажу, что предыдущий фестиваль был проведен за 900 миллионов. То есть мы ужали расходы в 2 раза. Кроме того, систематическое непроведение фестиваля чревато потерей аккредитации международной ассоциации кинопродюсеров. Ну, и конечно, я против подхода, когда культура финансируется по остаточному принципу. Понятное дело, что в стране множество проблем, но это не отменяет необходимости проведения крупных культурных мероприятий, приносящих сфере гораздо больше пользы, чем многим кажется", – подчеркивает министр.

Напомним, сурдлимпийец Еркебулан Канафин выиграл суд против министерства, и теперь ему должны выплатить призовые за золотую медаль.

ЗАВЕРШИЛСЯ ТУРНИР ПАМЯТИ НУРКЕНА АБДИРОВА

С 1 ПО 5 ДЕКАБРЯ В КАРАГАНДИНСКОМ СПОРТИВНОМ КОМПЛЕКСЕ «ЖАСТАР» ПРОХОДИЛ ОТКРЫТЫЙ 54-ЫЙ РЕСПУБЛИКАНСКИЙ ТУРНИР ПО ВОЛЬНОЙ, ЖЕНСКОЙ И ГРЕКО-РИМСКОЙ БОРЬБЕ ПАМЯТИ ГЕРОЯ СОВЕТСКОГО СОЮЗА НУРКЕНА АБДИРОВА.



В соревнованиях приняли участие 360 спортсменов из Кыргызстана, Узбекистана, Грузии, всех областей

Казахстана, городов Астаны, Алматы и Шымкента.

В этом году соревнования были приурочены к 80-летию

подвига Нуркена Абдилова. В честь этой даты, перед завершением турнира на проспекте Нуркена Абдилова состоялось торжественное возложение цветов к памятнику героя войны. В церемонии приняли участие лучшие воспитанники карагандинской республиканской военной школы имени Бегельдинова, воспитанники школы-интерната-колледжа олимпийского резерва имени А. Молдагуловой, ветераны, спортивные деятели и родственники героя войны.

Спортсмены из Карагандинской области показали на турнире отличные результаты:

Первое место по вольной борьбе занял Серик Бахытханов, в весовой категории 97 килограмм.

В категории «женская борьба» победу одержала Эльмира Сыздыкова (76 килограмм). Второе место поделили Ирина Жанибекова, Валерия Гончарова и Инкара Жанатаева. На третьем месте Зульфия Яхьярова (55 килограмм).

В греко-римской борьбе среди спортсменов Карагандинской области на первом месте оказался Ибрагим Магамадов в весовой категории 72 килограмма. Второе место разделили трое спортсменов – Асылбек Абдыкалык (130 кг), Ерулан Исаков (97 кг) и Алмат Кебишаев (72 кг).

Занявший первое место в греко-римской борьбе Ибрагим Магамадов рассказал, что всего за турнир провёл 5 встреч. Финальная встреча не состоялась, так как соперник снял свою кандидатуру.

– В этом турнире в моей категории выступали спортсмены со всех областей Казахстана и из сборной Кыргызстана. В финале я встретился с представителем Кыргызстана и одержал победу досрочно. Хочу сказать спасибо за подготовку всему тренерскому штабу, спасибо руководству за то, что организовали выровнять турнир. Для нас это настоящий праздник, – поделился спортсмен.

КТО ПОЕДЕТ В МОСКВУ?

С 15 ПО 18 ДЕКАБРЯ В МОСКВЕ СОСТОИТСЯ МЕЖДУНАРОДНЫЙ ТУРНИР КУБОК ПЕРВОГО КАНАЛА, ГДЕ СБОРНАЯ КАЗАХСТАНА ПРОВЕДЁТ ДВА МАТЧА ПРОТИВ РОССИИ И БЕЛАРУСИ, А ТАКЖЕ ПРИМЕТ УЧАСТИЕ В ТУРНИРЕ ПО ХОККЕЮ 3x3. 12 ДЕКАБРЯ КОМАНДА ОТПРАВИТСЯ В МОСКВУ.



Все матчи сборной Казахстана на предстоящем турнире в прямом эфире покажет телеканал InSport.

В состав вошли 27 хоккеистов – 24 полевых игрока и 3 вратаря:

Вратари: Никита Бояркин («Барыс»), Юргис Дубинкас («Номад»), Денис Каратаев («Сарыарка»);

Защитники: Адиль Бекетаев, Тамирлан Гайтамиров, Самат Данияр, Егор Шалапов (все – «Барыс»), Леонид Метальников («Адмирал»), Алексей Маклюков, Валерий Орехов (оба – «Металлург»), Эмиль Нургалиев («Номад»), Кирилл Полохов («Арлан»);

Нападающие: Алихан Асетов, Никита Михайлис, Егор Петухов, Михаил Рахманов, Антон Сагадеев, Кирилл Савицкий, Ансар Шайхмеденов, Аркадий Шестаков, Дмитрий Шевченко (все – «Барыс») Павел Акользин («Металлург»), Александр Борисевич («Сарыарка»), Артём Лихотников («Арлан»), Максим Мухаметов («Номад»), Кирилл Панюков («Ак Барс»), Роман Старченко («Спартак»).

Полосу подготовил – **ДАМИР ТУЛЕГЕН**

«БАРЫС ВЕРНУЛСЯ В ПЛЕЙ-ОФФ

В МАТЧЕ КОНТИНЕНТАЛЬНОЙ ХОККЕЙНОЙ ЛИГИ АСТАНИНСКИЙ «БАРЫС» ДОМА ОБЫГРАЛ КАЗАНСКИЙ «АК БАРС», ПЕРЕД СТАРТОМ ПОДИНКА КАЗАХСТАНСКИЙ КЛУБ БЫЛ НА 9 МЕСТЕ ВОСТОЧНОЙ КОНФЕРЕНЦИИ ЛИГИ, А «АК БАРС» ДВУМЯ СТРОЧКАМИ ВЫШЕ.

Тренер «Барыса» Андрей Скабелка выставил следующий состав: Бояркин (Гудачек) – Грант-Бекетаев, Савицкий-Вей-Михайлис; Ножье-Гайтамиров, Брако-Шестаков-Петухов; Шалапов-Грэм,

Асетов-Сагадеев-Рахманов; Мищенко-Григорьев, Максимов-Шайхмеденов-Шевченко.

Первый период остался полностью за хозяевами благодаря двум безответным

шайбам Аркадия Шестакова и Алекса Гранта. Во втором гости вернули интригу, сократив разрыв. Заключительная двадцатиминутка помогла россиянам выровнять положение и перевести игру в овертайм и позже серию буллитов, где сильнее оказались казахстанцы, вернувшиеся в зону плей-офф.

19 декабря «Барыс» на выезде сыграет с нижнекамским «Нефтехимиком».

ӘЛЕМДЕГІ ЕҢ ЕРЕКШЕ СТАДИОНДАР

ШАБЫТҚА ЕРІК БЕРСЕҢ, ТІПТІ СПОРТ КЕШЕНДЕРІНІҢ ӨЗІН ЕРЕКШЕ ЕТП САЛУҒА БОЛАДЫ. СТАДИОНДЫ – ЖАРҒА, ТЕННИС КОРТЫН БИІК ҒИМАРАТ ТӨБЕСІНЕ ОРНАТУҒА БОЛАДЫ. БҮГІН БІЗ СӘУЛЕТІНЕ КӨЗ ТОЙМАЙТЫН ЕРЕКШЕ СТАДИОНДАРДЫ НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА ҰСЫНБАҚПЫЗ.

1. «ҚҰС ҰЯСЫ», БЕЙЖІҢ ҰЛТТЫҚ СТАДИОНЫ

Қытайға 2008 жылғы жазғы Олимпиада ойындарын өткізу мүмкіндігі бұйырғанда ұйымдастырушылар айтулы іс-шара өтетін ерекше алаң құрастыруды қолға алды. Себебі сыйымдылығы жоғары, әдемі әрі жер сілкінісіне төтеп беретін стадион керек болды. Нәтижесінде, инженерлік тұрғыда ең күрделі нысан – «Құс ұясы» бой көтерді. Бұл – болаттан жасалған ең үлкен ғимарат. Осы нысанды салу үшін болаттың арнайы түрі ойлап табылған.

Биіктігі 20 қабат үймен бірдей стадионның кез келген нүктесінен алаңдағы ойын еркін көрінеді. Қазір бұл жерде гимнастика, футбол және жеңіл атлетика жарыстары өтеді. Қыста ол мұз айдынына айналады. 2022 жылы Бейжің ұлттық стадионында қысқы Олимпиада ойындарының ашылу және жабылу салтанаты өтті.

2. GAME STREETMEKKA AALBORG (КӨШЕ СПОРТЫ ОРТАЛЫҒЫ), ДАНИЯ

Скандинавия елдерінде қыс мезгілі паркурмен айналысуға аса қолайлы емес. Бұл мәселені шешуді көздеген даниялықтар Ольбергтегі бұрынғы зауыт орнында көше спортына арналған заманауи орталық салды.

Құрылысқа бұрынғы ғимарат материалдары қолданылса, кейбір бөліктері сол күйі қалған. Осылайша,

«БЕРГИЗЕЛЬ» ШАҒҒЫ ТРАМПЛИНІ



«Sport&ks» газетінің редакциясы» ЖШС-нің ұжымы «Алматы – Болашақ» АҚ-ның бас директоры Исағалым Ақбасовқа зайыбы **Мира НУРАЙДАРОВАНЫҢ** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.



«ҚҰС ҰЯСЫ»

ескі мен жаңа өзара керемет үйлесіп тапқан. Орталықтың екі қанаты бар. Ал қасбеті түрлі түсті граффитимен безендірілген.

Бұл жерде кез келген уақытта скейтбординг, паркур, жартаққа өрмелеу, воркаутпен шұғылдану, роликте сырғанау және командалық спорт түрлерімен айналысу мүмкіндігі қарастырылған. Бұдан бөлек би залы, дыбыс жазу студиясы мен көше асүйі бар.

3. «БЕРГИЗЕЛЬ» ШАҒҒЫ ТРАМПЛИНІ, ИНСБРУК, АУСТРИЯ

Инсбрук – тау-шаңғысының Меккесі. 1925 жылы Бергизель тауы шыңында ағаштан жасалған шаңғы тұғыры салынды. Араға бес жыл салып ағаш берік материалдарға ауыстырылды. Ол кезде бұл кешен Еуропадағы ең биік тұғыр болатын.

Қазір «Бергизель» Инсбруктің визит карточкасы іспеттес, ол қаланың кез келген нүктесінен көрінеді. Ғимаратта жағтығу орталығы, жарыс алаңдары бар. Бұл жерде тау-шаңғы

спортынан бірнеше рет әлем чемпионаты өтіп, үш рет Олимпиада алауы тұтанған: 1964, 1976 және 2012 жылдар.

Тұғырдың ұзындығы 120 метрге тең. Шаңғышылар жылдамдықты сағатына 92 шақырымға дейін арттырады.

Сырғанағыңыз келмесе, шыңға шығып табиғаттың сұлулығына тамсануға болады.

4. AYLA GOLF ACADEMY & CLUBHOUSE, АКАБА, ИОРДАНИЯ

Клуб ғимараты ландшафтқа ұласады және жасыл гольф алаңдарымен қоршалған құм төбешігі секілді. Бұл «төбешіктің» ішінде дүкен, спа, мейрамхана, фитнес-орталық және банкет залы бар. Ғимаратты безендіру кезінде иорданиялық мотивтер, соның ішінде махрабияның өрнек торлары көп қолданылған. Интерьерді жергілікті дизайнерлер ойлап тауып, иорданиялық суретшілер салған. Табиғатпен байланыс үшін ғимарат қолмен тұрғызылды. Енді осындай стильде курорттық кешен салу жоспарлануда.

5. СУДА ЖҮЗЕТІН СПОРТ КЕШЕНІ, ШАНХАЙ, ҚЫТАЙ

Алыстан маржандай тізілген кеме желкендерін еске түсіретін кешен 2011 жылы Хуанпу өзенінің жағасындағы

бұрынғы өнеркәсіп аймағында салынды. «Су» тақырыбын жалғастыру мақсатында ғимараттың айналасынан жасанды көл қазылды. Кешенде бірнеше жабық және ашық бассейн, сондай-ақ 80 метрлік мұнара түріндегі медиа орталық бар. Онда әкімшілік үй-жайлар, фитнес-орталық және конференц-залдар орналасқан.

Кешенде жүзу және суға секіру жарыстарымен қатар концерттер, бокс кездесулері және волейбол жарыстары өткізілсе, қыста мұз айдыны ұйымдастырылады. Алынбалы орындықтардың арқасында кешенге 18 мыңға дейін көрермен сыяды. Бұл спорт кешені 2011 жылы су спортынан әлем чемпионатын (сол үшін салынған), 2012 жылы шорт-тректен әлем чемпионатын және 2015 жылы мәнерлеп сырғанаудан әлем чемпионатын қабылдады. Мұнда мәнерлеп сырғанаудан Қытай біріншіліктері тұрақты өткізіліп тұрады.

Кешенде жүзу және суға секіру жарыстарымен қатар концерттер, бокс кездесулері және волейбол жарыстары өткізілсе, қыста мұз айдыны ұйымдастырылады. Орындықтардың алынбалы болуынан кешенге 18 мыңға дейін көрермен сыяды. Бұл спорт кешені 2011 жылы су спортынан әлем чемпионатын (сол үшін салынған), 2012 жылы шорт-тректен әлем чемпионатын және 2015 жылы мәнерлеп сырғанаудан әлем чемпионатын өткізді. Мұнда мәнерлеп

сырғанаудан Қытай біріншіліктері тұрақты өткізіліп тұрады.

6. «ПЕДРЕЙРА» МУНИЦИПАЛЬДЫ СТАДИОНЫ, БРАГА, ПОРТУГАЛИЯ

Португал тілінен аударғанда «Педрейра» «мансап» дегенді білдіреді. Ол Монте-Ду-Кастро жартастарында бой көтерген. Сәулетшілер португал ландшафттарын жалғастыратын құрылым жасағысы келді. Олар мезоамерикалық сәулет өнерінен, атап айтқанда, ежелгі Инка қалаларынан шабыт алған.

Стадион толығымен тау жыныстарында кесілген тауашада орналасқан, тек екі стөнд бар және 30 мың көрерменге арналған. Ерекше алаңда 2004 жылғы футболдан әлем чемпионатының екі матчы ойналды, ал қазір жергілікті «Брага» клубы жаттығуда. Педрейра-Португалиядағы ең қымбат стадиондардың бірі, оның құрылысына 83 миллион еуро бөлінді. Жыл сайын техникалық қызмет көрсету мен абағандыруға 13 миллион жұмсалыады. Бұл жер өте көркемдігімен спортшыларды ғана емес, туристерді де баурайды. Түпнұсқа дизайны үшін стадион бірнеше беделді сәулет марапаттарын алды, соның ішінде халықаралық марапаттар бар.

7. БУРДЖ-ӘЛ-АРАБ МҰНАРАСЫНДАҒЫ ТЕННИС КОРТЫ, БАӘ

Шатырлардағы спорт алаңдарын, тіпті бассейндерді жиі көруге болады. Бірақ Бурдж-әл-Араб мұнарасындағы теннис корты ерекше атап өтуге тұрарлық. Себебі мұнараның биіктігі 321 метр.

Алаң ғимараттың ең жоғары емес, бөлек шығыңқы жерінде орналасқан. Кортың астында берік тор бар, соның арқасында адам қоршаудан өтіп кетсе де, құламайды.

2005 жылы Роджер Федерер және Олимпиада чемпионы Андре Агасси екеуі Бурдж-әл-Араб қонақүйіне тоқтап, оның «аспан асты» кортында бірнеше сет ойнаған.

Кейде бұл алаң тікұшақтарды қондыруға қолданылады.

Дайындаған –
Мәдина АСЫЛБЕК



GAME STREETMEKKA AALBORG

● МЕНШІК ИЕСІ ЖӘНЕ ШЫҒАРУШЫ – «Sport&ks» газетінің редакциясы» ЖШС

Мәулетхан АҚСАНОВ – Директор
Алмас ӘБДІКЕРІМҰЛЫ – Бас редактор

Мәдина АСЫЛБЕК – Бас редактордың орынбасары
Бек ТӨЛЕУ – жауапты хатшы
Оңдасын ЕЛУБАЙ – ШҚО-дағы меншікті тілші
Едіге ОРАЗ – тілші
Әділбек ҒАБДИ – менеджер
Зүлфия ЖҰМАҒҰЛ – есепші

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы

Байланыс тел.: +77023840194

Алматы қаласында: Мұқанов көшесі, 223 «в» үй.
Тел.: 8/727/3784200, 3784202

• Газет «Қазақ спорты» газетінің компьютерлік орталығында теріліп, беттелді.

Газет «Алматы – Болашақ» АҚ баспаханасында басылады. Алматы қаласы, С.Мұқанов көшесі, 223 «в» үй. Тел.: 8/727/3783646, 3784010

• Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
• «Қазақ спорты» газетіне жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

• Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды.
Жазылу индексі – 64190

• Газет ҚР Байланыс және ақпарат министрлігінде 2011 жылы 7 маусымда қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі № 11855 – Г

• Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 2017 жылдың 24 қаңтарында қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі № 16317-Г.